

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 21 (932) 19 мамыр 2023 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha_tan@list.ru

ӘЛЕУМЕТТІК РЕФОРМА – ХАЛЫҚ ИГІЛІГІНЕ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың реформалары халық игілігіне бағытталған. Саяси саладағы өзгерістер, Үкіметке жүктелген тапсырмалар – бәрі де халық үніне құлақ асатын, елге қызмет көрсетуші мемлекет орнықтыру міндетінен туындап отырғаны анық. Халықтың мемлекетке деген сенімін арттыру мақсатында біршама жұмыстар жасалып жатыр. Жалпы елдегі саяси болсын, экономикалық болсын реформалардың барлығы мемлекеттің дамуына, азаматтардың конституциялық құқықтарын күшейтуге, адами капиталды арттыруға, қоғамдағы азаматтық белсенділіктің қалыптасуына, халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға, түптеп келгенде қазақстандықтардың жайлы өмір сүруі үшін бағытталуда.

Қазақстан суперпрезиденттік басқару формасынан күшті парламенті бар президенттік формаға көшті. Мемлекет басшысы өз Жолдауларында Қазақстанды дамытудың саяси моделін өзгертіп, Парламенттің рөлін күшейту қажеттігін айтқан еді. Осылайша, еліміз «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатын басшылыққа алды. Жұртшылықтың жайлы, жарқын өмір сүруі үшін барлық салада ашықтық қалыптасып келеді.

«Бала – біздің болашағымыз» деп жатамыз. Енді келер жылдың қаңтарынан бастап, Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50%-ын балалардың арнаулы жинақтаушы есепшотына түсе бастайды. Бұл халықтың көптен күткен жаңалығы болатын.

Тағы бір үлкен реформа – әлеуметтік салада көрініс беруде. Ол – жақын арада күшіне енетін Әлеуметтік кодекс болмақ. Әрбір отбасын – шағын мемлекетке теңесек, оның өз алдына дербес деректері жасақталуда. Бұл тұрғындардың тұрмыс-тіршілігін алдын-ала болжап, олардың әлеуметтік жағдайына жасалатын сараптама, барлық мәлімет қамтылған база. Сондықтан кімге қандай көмек керек, қолдауды қажет ететін отбасылар болса, оларды есепке алу, болашақ зейнеткерлердің қамсыз өмірі үшін бірқатар жобалар атқарылууда.

Біз үкіметтік емес ұйымдар қашанда Мемлекет басшысының реформаларын қолдаймыз. Оны жүзеге асыруға үлесімізді қосуға дайынбыз.

Жандос ТҰСМАҒАМБЕТОВ,
«Самұрық» инновациялық идеяларды дамыту
орталығы» қоғамдық қорының директоры.

ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІ ТУРАЛЫ

БЖЗҚ өз салымшыларына (алушыларына): міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және мерзімсіз белгіленген бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі, ерікті зейнетақы жарналары және тобы мен мерзіміне қарамастан мүгедектігі бар адамдар БЖЗҚ-дағы зейнетақы жинақтарын есебінен белгіленген кесте бойынша жалпыға бірдей белгіленген зейнет жасына толғанға дейін зейнетақы төлемдерін алуға құқылы екені туралы хабарлайды.

Салымшыға (алушыға) өзінің мәртебесін растайтын құжаттарды көрсетудің қажеті жоқ. БЖЗҚ салымшының (алушының) Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңына сәйкес берілетін келісімімен Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің «Мүгедектігі бар адамдардың орталықтандырылған деректер банкі» ақпараттық жүйесінен мәліметтерді веб-сервис арқылы сұрау жолымен мүгедектіктің (тобы, белгіленген мерзімі) болуын дербес тексереді. Бұл әрекет Еңбек министрлігі, Мемлекеттік корпорация және БЖЗҚ арасында жасалған келісім шеңберінде «Азаматтарға арналған үкімет» «Мемлекеттік корпорациясы» арқылы жүзеге асырылады.

Зейнетақы жинақтары төлеміне өтінішті БЖЗҚ-ға eprf.kz сайты, кеңсеге жеке жүгіну немесе сенім білдірген тұлға, сондай-ақ, пошта арқылы беруге болады. БЖЗҚ-да мерзімсіз белгіленген бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға барып қызмет көрсету ұйымдастырылғанына назар аударамыз. Бұл ретте алдын-ала кеңес беру, оның ішінде қызметтерді қашықтықтан, Қор кеңсесіне бармай-ақ алу мүмкіндігіне тексеру жүзеге асырылады.

Өтінішті eprf.kz сайты арқылы беру туралы толық нұсқаулықты осы жерден көруге болады.

ХАЛЫҚ АМАНАТЫ – ЕҢ ҮЛКЕН АБЫРОЙ

Халық қалаулылары қай кезеңде де өз сайлаушыларының мүдделерін орындау мақсатында маңызды мәселелерді көтеріп келді.

Жақында өткен Парламент Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының сайлауы – Жаңа Қазақстан құру мақсатындағы тағы бір оң қадам. Бұл саяси науқан бұрынғылардан өзгереді өткені баршаға мәлім.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев сегізінші шақырылымдағы Мәжілістің бірінші сессиясында сөйлеген сөзінде: “Референдумнан кейін Конституцияның жаңа талаптарына сай билік тармақтарын түгел жаңғыртуға кірістік. Халықтың да көптен күткені осы еді. Конституциялық өзгерістерге сәйкес Президент сайлауы, Сенат, Мәжіліс және мәслихаттар сайлауы өтті. Референдумды қосқанда бір жылға жуық уақыттың ішінде өте маңызды 5 саяси науқан өткізілді. Оның бәрі аса күрделі кезеңге тұспа-тұс келді. Қаншалықты күрделі болса да, біз еліміз үшін өте қажет жолды қысқа мерзім ішінде жүріп өттік. Қазақстанның жаңарып, жаңғыра бастағанына жұрттың көзі жетті”, – деді. Бұл жолғы сайлауда партияларға, үміткерлерге бірдей мүмкіндік берілгені белгілі. Мұны отандық және шетелдік байқаушылар да айтты. Президент те ешбір партияның мүшесі емес. Қазір облыс әкімдері де партия бөлімшелеріне жетекшілік етпейді. Яғни, барлық партиялар сайлауға бірдей жағдайда қатысты. Олар әр аймақта ел назарын өзіне аудару үшін тартысқа түсті. Бірнеше рет тікелей эфирде қызу пікірталас өтті. Бұл – демократиялық ел үшін қалыптас үрдіс.

Мұның бәрі Қазақстанда ашық азаматтық қоғамның нығайып келе жатқанын көрсетіп отыр. Мемлекет басшысы өз сөзінде қазір елдің көзі ашық, көкірегі ояу, саяси сауаты жоғары екенін айта келіп, кез келген сайлауда жеңіске жету үшін жылдар бойы қажырлы еңбек ету қажеттігін ескертті. Халықтың және тарихтың алдындағы жауапкершілікті сезіну аса маңызды. Бір сөзбен айтқанда, ұзақмерзімді, жүйелі стратегияның арқасында ғана жеңіске жетуге болады. Осы тұрғыдан қарасақ, “Аманат” партиясының бұл жолғы жеңісі – бұлжымас заңдылық. Еліміздегі саяси ұйымдардың көбі сайлау кезінде ғана белсенділік танытып, қалған уақытта сайда саны, құмда ізі жоқ кететінін жасырып қайтмиз. Сайлауалды үгіт-насихат жұмыстарымен ауыл-аудандарды аралаған кезде бұрынғы жылдармен салыстырғанда халықтың еңсесі көтеріліп қалғанын көрдік, әлеуметтік мәселелердің біразы шешілген. Дегенмен атқарылар жұмыс әлі де шаш-етектен. Мәселен, “Аманат” партиясы бір ай бойы тұрғындардың ұсыныс-тілектерін, шағымдары мен сын-ескертпелерін жинады. Аумақтық сайлауалды штабтарда 15 қоғамдық қабылдау ұйымдастырылып, тұрақты түрде жұмыс істеді. 356 адам қабылдауға келіп, 1791 өтініш түсті. Бұл айтылғандардың барлығы дерлік сайлауалды уәделерді жүзеге асыруға арналған жол картасына енгізіліп, біртіндеп шешімін табатын болады. Енді өзім қатысқан сайлаушылармен кездесулерде көтерілген кейбір өзекті мәселелерге тоқталсам. Есіл ауданындағы Николаевка ауылының тұрғындары Жезқазған – Петропавл бағытындағы республикалық маңызға ие автожолдың әбден тозғанына шағымданды. Соңғы жылдары жамап-жасқап келгенмен, ой-шұңқыры көбейіп, кей тұстарынан көлікпен өтудің өзі қиындай түскен. Ауыл тұрғындарын бұл жолды жөндеу күн жылына басталатынын айтып, қуанып тастадық. Жол саласына жауапты мекеме таратқан мәлімет бойынша, Сергеевка мен Николаевканың арасы биыл қалпына келтірілмек, одан кейінгі жылдары облыс орталығына дейінгі бөлігі жөнделеді.

Өңіріміздегі автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 9 мың шақырымнан асады, бұл – ел бойынша екінші көрсеткіш. Соның ішінде республикалық маңызға ие трасса – 2 мың километр, қалғаны облыстық (2 мың километр) және аудандық (5 мың километр) жолдар. Республикалық жолдардың 820 шақырымы тозған. Ал облыстық және аудандық автожолдардың шамамен 1,4 мың километр шұрық-тесік. “Аманат” партиясының сайлауалды бағдарламасында жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдардың ұзынын 2027 жылға қарай 95 пайызға жеткізу үшін республикалық маңызы бар трассаларға 201,4 млрд. теңге, жергілікті маңызы бар жолдарға 132,3 млрд. теңге көлемінде қосымша қаражат бөлінуіне ықпал ететіні айтылған. Петропавл қаласының ішкі жолдарының сапасы да сын көтермейді. Сегізінші шақырылымдағы облыстық мәслихаттың бірінші сессиясының жұмысына қатысқан облыс әкімі Айдарбек Сапаров биыл 5 млрд.

теңге бөлініп, 18 көше қалпына келтірілетінін жеткізді. Шаһардың көлік ағыны көп негізгі көшелері жөнделмек.

Тимирязев ауданының түкпірінде жатқан Целинный деп аталатын ауылға барып, тұрғындармен кездесу өткіздік. Елу шақты үйі бар ауылда бастауыш мектеп қана бар екен. Жоғары сыныптағылар көрші елді мекенде, оның өзінде Қостанай облысының шекаралас ауылында оқитын болып шықты. Ата-аналары жеке көлікпен тасымалдайды. Қай ауылға барсаң да, бала саны жеткіліксіз, мектеп ғимараттарының көбі тозған. Сайлаушыларға өңіріміздегі апатты мектептердің орнына 3 білім ошағы салынатынын жеткіздік. Бұдан бөлек, Петропавл қаласында “Жайлы мектеп” ұлттық жобасының аясында 4 оқу ордасы бой көтереді. Біздің облыста оқушылар үшін ыстық тамақ ақылы екені, бұл ата-аналардың қалтасына салмақ салып отырғаны көптен бері айтылып та, жазылып та жүр. Өңір басшысының бастамасымен келер оқу жылынан бастап бастауыш түгел тегін тамақтанатын болып шешілді. Шал ақын ауданындағы Ольгинка ауылында жергілікті шаруашылықтың жұмысшыларымен кездесуде тұрғындар жайылым тапшылығы мәселесін көтерді. Кезінде пысықайлар басып қалған шұрайлы жерлерді қайтару үшін “Жер аманаты” жобасы қолға алынғанын айта кеткен жөн. Бұл партиялық жоба аясында заңсыз берілген немесе пайдаланылмай жатқан 330 мың гектар жерді мемлекет меншігіне қайтару бойынша жұмыс жүргізіледі. Кейін ол тұрғындардың қажеттілігіне берілмек. Тайынша ауданындағы “Bio-Operations” зауытындағы кездесуде ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жайлы әңгіме қозғалды. Бұл тұрғыда біздің облыс еліміздің көп өңірлерінен көш ілгері екенін мақтанышпен айта аламыз. 2012 жылға дейін облыста екі заманауи тауарлы-сүт фермасы болса, соңғы үш жылдың ішінде жиырмадан астамы салынған. Алдағы уақытта 12 мың басқа арналған 30 ферма мен 5 мың басқа арналған бес бордақылау алаңы іске қосылмақ. Ауыл шаруашылығы министрлігі тауарлы-сүт фермаларын салудағы солтүстіктің тәжірибесін өзге облыстарға үлгі ретінде ұсынып, бүгінде тәжірибе алмасу үшін шаруалар теріскейге қарай ағылуда.

Бұл – сайлаушылармен кездесулерде көтерілген мәселелердің бір парасы ғана. Жалпы “Аманат” партиясының үгіт-насихат топтары, кандидаттар мен олардың сенімді өкілдері облысты түгел аралады. Түрлі форматтағы 2655 кездесу ұйымдастырылды. “Есікпен – есікке” акциясы, экспорт-кездесулер, онлайн жиындар, басқа да шараларға адам көп қатысты. Әсіресе сауда үйлері мен базарларда, ойын-сауық орталықтарында демалыс күндері өткізілген жиындар тиімді болды. Сайлау қорытындысында Мәжілістің де, мәслихаттардың да құрамы едәуір жаңарғанын көрдік. Мәселен өзіміздің Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатына көз салсақ, өткен шақырылыммен салыстырғанда депутаттардың тең жартысы ауысқанын байқаймыз. Жалпы Жаңа Қазақстанды құруға жаңа адамдар, тың күш керек екені көптен бері айтылып жүргені белгілі. Енді оларға да мүмкіндік беріліп отыр. Парламентке 6 партияның өкілі өтсе, облыстық мәслихаттан 4 партияға мандат бұйырды. “Мәжіліске көзқарасы әртүрлі саяси ұстанымдағы күштер келді деп есептеймін. Алғаш рет ұзақ жыл бойы оппозицияда болған партия Парламентке өтті. Біз осының бәріне ауқымды саяси реформаның арқасында қол жеткіздік. Мәжіліске бірмандатты округтен де депутаттар сайланды. Яғни, Парламентке түрлі әлеуметтік топтан шыққан өкілдердің келуіне жол ашылды”, – деген Қасым-Жомарт Кемелұлы осылайша елімізде демократия дәстүрі жаңа деңгейге көтерілгенін жеткізді.

Сайлау – саяси дода. Сайыс болған соң жеңімпаз бен жеңілген тараптың болатыны белгілі. Бірақ өмір бұныммен бітпейді. Бұл – ұзақ жолдың басы ғана. Сондықтан тиісті дауыс жинай алмаған партиялар мен кандидаттар күресті тоқтатпай, келесі сайлаудың қамына қазірден бастап кірісе бергені жөн. Алайда мандат иесі атанған азаматтардың аяғынан шалу, қаралау – саяси мәдениеттіліктің көрсеткіші емес екенін де мойындауымыз қажет. Осы тұста Алаш қайраткері Міржақып Дулатовтың “Халыққа қызмет ететін деген кісіге бәрібір: депутат бол, газет шығар, бала оқыт. Өзгеміздің бәріміз сай болып, жалғыз депутаттыққа қарап тұрған іс жоқ. Депутаттықты таңсық көріп атағына қызығып, яки бәсеке үшін баратын кісі болмасқа керек”, – деген сөзі еріксіз ойға оралады.

Ербақыт АМАНТАЙҰЛЫ,
Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының депутаты.

Көліктегі қауіпсіздік

Теміржол көлігі объектілерінде адамдардың жарақаттануының және құқықбұзушылықтардың алдын алу мақсатында Тайынша станциясындағы желілік полиция бөлімшесінің қызмет көрсету учаскесінде «Көліктегі қауіпсіздік» акциясы өткізіліп жатыр.

Өкінішке орай, біздің елімізде күн сайын адамдардың жарақаттануы, оларды теміржол үстінен өтетін байланыс желісінің электр тоғымен соғу фактілері орын алуда. Байланыс желісінің электр тоғы 25000 В құрайтын ұмытпау керек.

Темір жол қауіптілігі жоғары объект және аймақ болып табылады, осыған байланысты көлік объектілерінде болған кезде әрқашан қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау керек, сондай-ақ темір жолдардың тек белгіленген орындарда өтуіге болады, өту үшін Тайынша станциясында темір жол жаяу жүргіншілерге арналған көпір мен төсеніш бар.

Құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында Тайынша станциясындағы ЖПБ қызмет көрсету учаскесінде 2023 жылғы 15-19 мамыр аралығында «Көліктегі қауіпсіздік» акциясы өткізілуде.

Тыйым салынады:

1. Темір жолдармен жүру.
2. Жылжымалы құрамның алдында жүріңіз немесе жүгіріңіз.
3. Темір жолдар арқылы өту мақсатында автотіркегіштер арқылы, вагондар астынан өтуді жүзеге асыру.
4. Вагондардың шатырларында, басқыштарында, алаңдарында, локомотивтерде жол жүруді жүзеге асыру.

5. Вагондардың төбесіне көтерілу, байланыс желісіндегі ток 27500 Вт құрайды. Атап айтқанда вагон төбесінен байланыс желісіне дейінгі қашықтық, сым мен адам арасындағы электр доғасы екі метр қашықтықта пайда болады. Әрқашан есіңізде болсын!

6. Пойыз толық тоқтағанға дейін вагондарға жақындаңыз.

7. Пойыз жолының жанында жүріп бара жатқан пойызға жақындаңыз. Пойыз жақында кезде платформаның шетінен қауіпсіз қашықтыққа (кемінде 2 метр) қауіпсіздіктің шегінен шығып кету керек!

Осыны назарға алуға қажет, пойыздың жолында кенеттен пайда болған жаяу жүргіншінің соқтығысуын болдырмау мүмкін емес, себебі пойыздың тежеу қашықтығы 1000 метр шамасында.

559-бап. Теміржол көлігінде қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қағидаларды бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылады:

1. Теміржол арқылы ат-арба көлігімен (шаналармен) өту және жүк артылған, мініс малды және табынды айдап өту, теміржолдардың бөлінген жолағында мал жау қағидаларын бұзу - ескерту жасауға немесе бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Белгіленбеген жерлерде теміржол арқылы өту – ескерту жасауға немесе үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Тайынша ст. ЖПБ Т. Байзақова.

БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРЫЛДЫ

Заңсыз бизнеске қамқорлық жасаған полиция қызметкері 7 жылға бас бостандығынан айырылды. Ағымдағы жылдың 10 мамырында Петропавл қ. сотының үкімімен ҚР ҚК 366-бабы, 4-тармағының 3-бөлігі бойынша СҚО бойынша ПД Петропавл қ. Полиция басқармасының ЖПҚ бөлімшесінің бастығы 7 жылға бас бостандығынан айырылды. Ол жазасын қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіздік мекемесінде өтейтін болады.

Сотталған сапаны растайтын тиісті құжаттары жоқ, акцизделетін өнімді заңсыз сатуды жүзеге асыруда қамқоршылық көрсеткені үшін жалпы сомасы 500 жүз мың теңгеден асатын бірнеше рет пара алғаны үшін кінәлі деп танылды. Осылайша, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментімен мың блок темекі өнімінің және 5 мың литр күмәнді алкоголь өнімінің заңсыз сатылымы тоқтатылды. Сотталған «полиция майоры» арнаулы атағынан, сонымен қатар мемлекеттік қызметте, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, қаржы ұйымдарында және квазимемлекеттік секторда қызмет атқару құқығынан айырылды. Үкім заңды күшіне енген жоқ.

СҚО бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі.

ЕЛІМІЗДІҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ – АДАМ

Қай елде болмасын азаматтардың материалдық жағдайы бірдей емес. Олардың арасында мемлекеттің қолдауына мұқтаж жандардың болатыны сөзсіз. Қазақстанда қоғамның әлжуаз топтарына арналған бірнеше мемлекеттік бағдарлама бар. Соның бірі – 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба. Ұлттық жоба көздеген он міндеттің үшеуі – халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу. Оның ішінде кәсіп бастауға, субсидияланатын жұмыс орындарын ұйымдастыруға және кәсіпкерлердің қажеттіліктеріне қарай дағдыларын дамытуға қолдау көрсетеді. Ұлттық жобаға былтыр 19 мың адам қатысып, олардың 11 мыңнан астамы тұрақты жұмыс орнын тапты. Жыл басынан бері жұмыс іздеген 6 мың адамның 5 мыңы жұмысқа орналасып үлгерді. Кәсіпке баулудың мүмкіндігін кеңейту үшін оқыту жүйесі де тиімді жұмыс істеуде. Алты айлық курста өндіріс басында – 50 адам, оқу орындарында 325 адам оқыды. Еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар жандандырылуда. Мәселен, ауыл шаруашылығында тапшы тракторшы-машинист, электргазбен дәнекерлеуші, ағаш өңдеу станогының маманы, сатушы, кондитер, бухгалтер, әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман және тағы басқалар. Курста оқыған кезде әр адамға қаржылай қолдау көрсетіледі. Біліктілігін жетілдіруші әр адамға 21787 теңге шәкіртақы тағайындалып, 20700 теңге бір жолғы шығыны төленеді. Сондай-ақ жол ақысына – 13800 теңге, медициналық тексеріске – 6900 теңге және тұратын орынға 34500 теңге материалдық көмек көрсетіледі.

Кәсіп ашып, өз ісін дөңгелеткісі келетіндерді “Бастау-Бизнес” жобасы былтырдан бастап онлайн-режимде оқытуда. Курсты бітірген соң қатысушылардың қайтарымызсыз грант пен несие алуларына мүмкіндіктері бар. Биыл берілетін грант мөлшері 1 млн. 380 мың теңгені құрайды, яғни былтырғыдан екі есеге артқан. Бұл гранттар биылдан бастап азаматтардың әлеуметтік әл-жуаз топтарына жататын жұмыссыздар мен жеке кәсіпкерлерге ғана беріледі. Олардың қатарына атаулы әлеуметтік көмек алушылар, көп балалы отбасы мүшелері, мүгедектері бар адамдар, мүгедек бала немесе ата-анасының бірін мүгедек ретінде қамқорлығына алғандар, асыраушысынан айрылу бойынша жәрдемақы алатын адамдар, қоныс аударушылар мен қандастар жатады. Өткен жылы қайтарымызсыз қаржы 688 адамға берілді. Көшті жас кәсіпкерлердің бастап тұрғаны қуантады.

2022 жылдан бастап елу жастан асқан азаматтарды жұмысқа орналастыру бойынша “Күміс жас” жобасы іске қосылды. Бұдан бөлек жұмыс іздеген жастарға арналған “Алғашқы жұмыс орны” және зейнеткерлік жасқа жеткендерге алты айға дейінгі мерзімге тұрақты жұмыс орнын табуға қолдау көрсететін “Ұрпақ келісімшарты” жобалары да бар.

Мемлекет басшысының жастар кәсіпкерлігін дамыту жөніндегі тапсырмасын орындау аясында биыл жылдық үстемеақысы 2,5 пайыз жеңілдікпен шағын несиелендіру тетігі іске қосылды. Жеңілдік жұмыссыз жастарға және бизнесі кемінде бес жыл жұмыс істейтін кәсіпкерлерге арналған. Кредит 5-7 жылға беріледі. Осы тетік аясында биыл 130 жас кәсіпкерді қолдау көзделіп отыр. Бүгінгі таңда 22 млн. теңгеге бес шағын несие мақұлданды, оның үшеуі – қызмет көрсету, екеуі мал шаруашылығы саласына тиесілі.

Қазіргі уақытта “Электрондық еңбек биржасы” порталы жұмыс істеп тұр. Онда облыстың әрбір тұрғыны өзінің түйіндемесін қалдырып, жұмыс берушілер бос жұмыс орындарын жария етеді. Қазақстан бойынша бос жұмыс орындары мен ізденушілер туралы ақпарат күн сайын жаңартылып отырады.

Облысымызда жұмыс күші артық өңірлерден азаматтарды көшіру бойынша белсенді жұмыстар атқарылуда. Биыл 2660 адамды және 138 қандасты көшіру жоспарланып отыр. Ал былтыр квотаға сәйкес 2556 адам немесе 681 отбасы көшіп келген болатын. Сырттан келген еңбекке қабілетті 974 адамның 820-сы жұмыспен қамтылды, оның ішіндегі 652 адамға тұрақты жұмыс орны табылса, 168 адам кәсіпкерлікпен айналысып жатыр. Кәсіпкерлікті қолға алған 111 азаматқа 136 млн. теңге қайтарымызсыз грант пен несие берілді. Келгендердің ішінде 1252-сі – бала, 66 студент пен 63 зейнеткер бар. 201 әйел декреттік демалыста отыр.

Бағдарлама биыл да жалғасуда. Бүгінгі таңда қоныс аударушыларды қабылдайтын елді мекендердің тізімі бекітілген. Келген азаматтарға материалдық көмек көрсету, оның ішінде көшуге және тұрғын үйді жалға алуға субсидиялар төлеу тетіктері де қарастырылған. Тұрғын үй сатып алу немесе құрылыс жүргізу үшін экономикалық ұтқырлық сертификатты не болмаса 4 млн. теңгеге дейінгі мөлшерде ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша бастапқы жарна алу жолдары бар.

Жыл басынан бері облысқа 148 отбасы, яғни 483 адам қоныс аударған. Көшіп келгендердің 31 пайызы – Астана қаласынан, 26 пайызы – Түркістан облысынан



және 11 пайызы – Шымкент қаласынан. Шетелдерден келген қандастарымыз да аз емес. Биыл Ресейден 18 отбасы, Моңғолиядан 3, Ираннан 2, Өзбекстаннан бір отбасы және Қырғызстаннан бір азамат көшіп келді. Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп, 2023-2025 жылдарға арналған қоныс аударуды ынталандыру жөніндегі жол картасы әзірленді. Осы карта шеңберінде 3 жыл ішінде мемлекеттік қолдау шараларын көрсете отырып, 8 мыңнан астам адамды көшіру жоспарланып отыр. Осы жылдар ішінде барлығы 3 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын құрап отырып, 11 инвестициялық жобаны іске асыру қажет. Өңірде кадрларға деген қажеттілік бар. Бұл ретте осы жұмыс орындарына жергілікті тұрғындар да орналаса алады.

Жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау мекемесі өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасыларға атаулы әлеуметтік көмек көрсетеді. Былтыр 2051 отбасына 722 млн. теңге көмек берілді. Кепілдендірілген әлеуметтік пакетпен 2300-ден астам бала қамтамасыз етілді. Сонымен қатар мұқтаж 8400 азаматқа 271 млн. теңге әлеуметтік төлемдер берілді. Жалпы қабылданған шаралар жағдайы кедейлік шегінен төмен азаматтар санын азайтуға мүмкіндік берді. 2021 жылмен салыстырғанда атаулы әлеуметтік көмек алушылар саны 10326 адамнан 8914 адамға дейін немесе 14 пайызға төмендеді.

Биыл 9700 азаматқа атаулы әлеуметтік көмек көрсету жоспарланған. Бұл мақсатқа 787,3 млн. теңге қарастырылған. Жыл басынан бері көмек 5001 алушыға, яғни 1132 отбасына 189,8 млн. теңгенің көмегі көрсетілді.

Кепілді әлеуметтік пакет алушылардың тілектерін ескере отырып, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі бұл көмекті 2023 жылдан бастап монетизациялау туралы шешім қабылдады. Монетизация АӘК алушылар қатарынан 1 жастан 6 жасқа дейінгі әрбір балаға ай сайын 1,5 АЕК мөлшерінде қосымша ақшалай төлем белгілеу жолымен жүзеге асырылады. Онда ата-аналар балаларына қажетті тауарды өздері таңдап, сатып алады. Биыл 1600-ге жуық бала қамтылмақ.

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек отбасының әрбір мүшесіне шаққан кездегі табыс өңірлік ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70 пайызынан төмен болған жағдайда төленеді. Өтініш тоқсан сайын жаңартылып отырады. Табысы жоғалған немесе азайған жағдайда азаматтар АӘК тағайындау үшін ауылдық округ әкіміне, тұрғылықты жері бойынша халықты жұмыспен қамту орталығына жеке куәлікпен жүгіне алады немесе “Электрондық үкімет” порталы арқылы өтініш беруге болады.

Облыстың 25 мыңнан астам тұрғыны мүгедектер санатына жатады. Олар әлеуметтік қолдауға ие. Азаматтардың осы санаты үшін 2021 жылдан бастап әлеуметтік қызметтер порталы арқылы оңалту қызметтері мен техникалық құралдармен қамтамасыз ету шаралары жүзеге асырылады. Мүгедектері бар адамдардың қызмет көрсетушіні және қажетті оңалту құралдарын бағасы мен сапасына қарай өзінің таңдауына мүмкіндік жасалды. Азаматтардың өтінішіне сәйкес жылдан жылға ұсынылатын заттардың тізбесі кеңейіп келе жатқанын атап өткен жөн. Мәселен, 2017 жылдан бастап оңалту құралдарына 19 жаңа бұйым енгізілді. Олар – гигиеналық құралдар, тифлотехникалық, сурдотехникалық және протездік-ортопедиялық құралдар, электр жетегі бар әмбебап кресло-арба, сөйлеу синтезі бар портативті тифло-компьютер, роликті орындық.

Мүгедек жандардың бес мыңы медициналық көмекпен қатар психологиялық және тұрмыстық қолдауды қажет етеді. Сондықтан үйде әлеуметтік қызмет көрсететін 8 орталық және 39 әлеуметтік көмек бөлімшесі жұмыс істейді, онда 2000-ға жуық адам еңбек етеді. Ерекше қолдауға мұқтаж адамдарға психологиялық қолдау көрсететін, құқықтық кеңес беретін және жұмысқа орналасуға жәрдемдесетін “TEN QOGAM” әлеуметтік қолдау орталығының көмегі зор. Биыл орталық 500-ден астам мүгедекке қолұшын созбақ.

Ринат ЕЛЖАСОВ,
облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы.

АСЫЛ ДІНИМІЗ ЖАЛҚАУЛЫҚТЫ ҚҰПТАМАЙДЫ

Асыл дініміз жалқаулықты құптамайды, өйткені ол адам бойындағы жағымсыз сипаттың бірі. Адамды тоздыратын да, құртатында осы жалқаулық. Абай атамның 38-ші қара сөзі де: «Күллі адам баласын қор қылатын ұш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек: әуелі - надандық, екіншісі - еріншектік, үшінші - залымдық деп білесің. Еріншектік - күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік - бәрі осыдан шығады» деген. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы былай дейді: «Кедейлік ұш ағайынды болады: үлкені – кежірлік, ортаншысы – еріншектік, кенжесі – ұйқы». Демек, кедейлікке құшақ жайып, жалқаулық дертін асқындыратын осы үшеу екен. Содан соң Мәшһүр атамның сөзін жалғал оллардан құтылудың жолын айтады: «Кежірліктің тамыры желкеде болады. Кежір кісінің желкесінен тартып, қаңтарып қойған қырық қаңтарыуы болады. Бірі жіберсе де, бірі жібермей, ішетұғын астан, алатұғын олжадан құр қалдырады. Жалқаулықтың тамыры жерге отырарлық дүнбенең алақан аясындай айналасында болады. Орнынан қозғалып тұрғысы келмейді, шайқалып отыра береді. Ұйқының тамыры шынтақта болады. Ұйқышы болатұғын қу шынтағын жерге тіреп жата береді. Тілағаш, елгезек болып үйрен, кежірліктен құтыласың. Тіпті дәнеме қылмасаң да, жаяу аяңдап, олай-былай жүріп үйрен, жалқаулықтан құтыласың! Дүние-ақыреттің бірі болмаса, бірінің уайымын ойлап: «Қалай қыламын, қайтіп есебін табамын?!» – деген ойға түс, ұйқышылықтан құтыласың. Бұл үшеуінен құтылсаң, әр нәрсеге жетеді. Бұл үшеуі: бірі желкеңнен тартып, біреуі дүнбе құйрығының жерге қарай жабыстырып, бірі шынтағыңнан қисайта құлатып жібермей, табандап жатқан соң, қолың қайда жетсін?! Өзіңнен-өзің құйрығыңнан кейін қарай кетіп, қор боласың». деген. Ибн Масғұд (р.а.): «Мен жұмыссыз бос адамды көрсем ашуланамын. Ондай адам дүниесіне де ақыретіне де ешбір пайдалы шаруамен айналыспайды» десе Абай Құнанбайұлы өзінің бір шұмақ өлеңінде Өсек, өтірік, мақтаншақ, Еріншек, бекер мал шашпақ

Бес дұшпаның білсеңіз. дейді
Иә, «Ғылым таппай мақтанба», - деп басталатын Абай атамның осы бір өлеңін бәріміз кішкене күнімізден жаттап өстік. данышпан бабамыз не үшін көптеген жамандықтардың ішінен осыларды баса айтып, «дұшпан» деп ескертті екен Еріншектік- Бұл ойын қуаттаған Абай атамның үшінші қара сөзінде «Әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады; әрбір қайратсыз қорқақ, мақтаншақ келеді; әрбір мақтаншақ қорқақ, ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз надан, арсыз келеді; әрбір арсыз жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады». дейді. Көріп отырғанымыздай жалқаулық адамды - қайратсыз, мақтаншақ, қорқақ, арсыз, тойымсыз етеді. Алаштың арландарының бірі болған Мағжан Жұмабаевтың өзінің «Жарым» деген өлеңінде жалқаулықтың жап-жайсарын әдемі жеткізеді.

*Кердең-кердең жүресің сен, не таптың?
Мен айтқайым - аймеймін жан таптым.
Күндіз-түні жар қойнында жатамын,
Естімеймін уын-шуын жан-жақтың.
Қанша құшсам-дағы сусын қанбаған,
Жан жарым бар, неге керек мал маған!
Жұрттың бәрі-ақ: «Оңбаған жан!»- дей берсін,
Жан жарым бар, неге керек ар маған?!
Жарым күншіл, көз салдырмай жан-жаққа,
Жібермейді жұмысқа да мансапқа.
Сондай ерке, оны құшып, керіліп,
Күндіз-түні күңірене бер тек жат та.
Әкем маған: «Сауда қылып, мал тап!»- дейд,
Жарым маған: «Мал деген не, тек жат!»- дейд.
Елім маған: «Елге еңбек қыл!»- дегенде,
Жарым маған: «Жатқан адам бекзат!»- дейд.
Жар айтқан соң, жаннан жақын көрген жар,
Жардың тілін алмауға не дәтім бар?!
Тілін алдым - үйден, елден айрылдым,
Бірі де жоқ - мал да, ел де, намыс, ар.
Жар жат дейді, жатамын да жатамын,
Мас адамдай бос ойға ылға батамын.
Ашылғанда ұйқыдан көз, бар ісім -
Қылжалаңдап, жоқты-барды шатамын.
Әрине, енді мені мақтар пенде жоқ,
«Жап-жақсы еді, жар аздырды-ау!»- дейді көп.
Жұрт сөзі не? Жан жарымның қойнында
Жата берем: «Жаным, жаным, жарым!»- деп.
Бұл жарым кім? Тапшы қәне.- «Денсаулық?»
Сен дейсің ғой: «Алма бетті, ақ жаулық...»
Жоқ, жолдасым, адасасың, айттайын:
Жарым менің - аты шулы жалқаулық!*

Зиятбек АХМЕТҰЛЫ,

Тайынша аудандық мешітінің Бас имамы.

УӘДЕ – ҚҰДАЙ СӨЗІ

Мұсылман үшін асыл қасиет, имандылықтың нышаны – уәдеге берік болу. Өкініштісі сол, қазіргі уақытта бұл асыл мінез көп адамдардың бойынан табыла бермейді. Уәденің жоғалуынан адамдардың сөзіне, амалына күмәнмен қарап, істің орындалатынына толық сенім арта алмағандықтан альтернативті шешімді қарастыратын заманға жеттік.

Біріншіден, біз өзгеге емес өзімізге берген уәдені орындамаймыз. Өмірімізді жақсы жаққа қарай өзгертеміз деп өзімізге қанша мәрте уәде бердік? Рухани, материалдық тұрғыда дамимын деп неше мәрте мақсат қойдық? Бірақ өмірдің біраз белесінен ассақ та, өзімізге де, өзгеге де пайда келтіріп жатқанымыз шамалы. Екіншіден, қоғам алдында берген талай уәделеріміз орындалмай, адамдардың алдында абыройымыз төгілді. Ақыры қоғам сенімінен шыққанымызды байқамай қалдық. Үшіншіден, отбасымыздың алдында да уәдемізге тұрмаған кездеріміз аз емес. Ата-анамыздың алдында уәде бергіш ұл, бала-шаға, жұбайымыздың алдында айтқан сертін орындамайтын әке атанып кеткеніміз қашан? Ең маңыздысы Жаратушының алдында берген уәделеріміздің орындалмауы – нағыз опасыздықтың белгісі. Қоғамды жақсылыққа шақырамын, жамандықтан тыйыламын, мұсылманның бес парызын орындаймын деп уәде беріп, Алланың сансыз нығметтерін сезе тұра, біле тұра әлі күнге дейін сол үлкен уәдемізді орындай алмай жүрміз. Алла тағала құлдарына уәдеде тұрудың маңыздылығын қатаң түрде ескертеді. Құран Кәрімде: “Сертті орындаңдар. Сөз жоқ, уәде сұралады” (“Исра” сүресі, 34-аят.), – делінген. Жәннатқа кіруге лайықты болған сипаттың бірі – өмірде сертте тұру. Ол жайында Құран Кәрімде: “Тағы олар сондай аманаттарын, уәделерін сақтаушылар” (“Мағариж” сүресі, 32-аят.), – деп жәннат тұрғындарын сипаттаған. Алла Тағала өзінің сүйікті, тақуа құлдарын сипаттаған кезде олардың серттеріне берік екендіктерін мына аятта атап өткен: “Өзара байласқан уәдесін орындаушы, таршылықта, қиыншылықта және соғыс кезінде сабыр етуші болса, міне солар шыншылдар әрі тақуалар” (“Бақара” сүресі, 177-аят). Уәдеде тұру қасиеті барлық пайғамбардың бойында кездескен. Алла Тағала Исмайыл пайғамбар жайында: “Сонымен қатар бұл кітапта Исмайыл жайлы да сөз қозға. Шүбәсіз ол уәдеге берік жан еді. Елші әрі хақ пайғамбар еді” (“Мәриям” сүресі, 54-аят.), – деді. Адамзаттың ардақтысы Мұхаммед Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) мүбәрак хадисінде уәдеге берік болу керектігі жайында: “Маған бес нәрсеге кепілдік берсеңдер, мен сендердің жәннатқа кіретіндеріңе кепілдік беремін: Сөздеріңе берік болыңдар, уәделеріңде тұрыңдар, аманатты қайтарыңдар, ұятты жерлеріңді сақтаңдар, көздеріңді төмен салыңдар, қолдарыңа ие болыңдар” (Ахмад хадистер жинағы), – делінген. Уәдеде тұрмайтын адамдарды Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) екі жүзділер санатына кіргізген. Бұған қатысты бір хадисте: Мұнафиқтың белгісі үшеу, егер сөйлесе өтірік айтады, уәдесін орындамайды, аманат қылынса, қиянат жасайды (Бұхари хадистер жинағы), – дейді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өмір сүрген заманның тарихына үңілсек, азғындықтың небір түрлері етек алған кезек еді. Әділдіктің иісі де сезілмейтін. Адамды алдау, аманатқа қиянат жасау, уәдеде тұрмау, тағы басқа зұлымдықтар кең етек жайған болатын. Алла Елшісі (с.ғ.с.) сол қоғамның ішінде өзінің бойындағы уәдеге беріктік

ҚЫЗ ТӘРБИЕСІНДЕГІ ӘКЕНІҢ ОРНЫ

Әке тәрбиесі баланы материалдық тұрғыда қамтамасыз етумен ғана шектелмейді. Қыз баланың дамуында, толыққанды азамат болып өсуінде анасының бере алмайтынын әкесі бере алады. Жақсы тәрбие әке мен ананың бірдей атсалысуынан қалыптасады. 3 жасқа жеткенде қыз ер адам мен әйелдің айырмашылығын біле бастайды. Осы уақытта қыз балада әйел заттына тән қылықтар мен әдеттер дамиды. Анасынан гөрі, әкесінің жанында өзін еркін, «ханшайымдай» сезінеді, тек әке ғана қызының нәзіктігі мен сүйкімділігін қалыптастыра алады. Ана баласының жынысына мән бермейді дейді психологтар. Ал әкелер алғашқы күннен-ақ сәбиін бала немесе қыз ретінде қабылдайды. Сондықтан толыққанды отбасыларда қыздарға тән нәзіктік, биязылық пен ұяңдық ертерек дамиды. Әкенің қыз тәрбиесінде алар орны өте маңызды. Қыздың дамуы, болашақ жарымен қарым-қатынасы, отбасылық өмірдегі жетістігі мен өзін-өзі танытуы дәл осы әкенің қызына деген қарым-қатынасына байланысты. Қыздар болашақ жарын әкесіне ұқсағанын қалайды. Қызына жылы сөйлеп, үнемі мақтап отыратын әке қыздың өзін-өзі бағалап, үлкен жетістіктерге жетуіне, дұрыс жолды таңдауына себеп болады. «Қызды қырық үйден тый» деп жөнсіз дөрекілік танытып, кемсітіп, ұрсу қыздың жігерін жасытып, адам болып, әйел болып қалыптасуына кедергі келтіреді. Ескерту жасағанда да «қызым, оның дұрыс болмайды», «қыз балаға ол қылық жараспайды» деп сыпайы түрде айтқан жөн, балиғат жасқа толғанға тым еркелетіп, айтқанын екі етпей орындай беру де дұрыс емес. Анасы қызын ұй шаруасына баулып, ертеңгі күні бір үйдің келіні болатынын, ана болатынын айтып отырса, әкесі өмірдің басқа да жалпы түсініктерін қалыптастыра отырып болашақ өмірге дайындайды. Қызымен бірлесіп ойындар ойнау, логикалық есептер шешу, сабағын бірлесіп оқу – қыздың дамуындағы маңызды сәттер. Мейірімділік таныту, көмек сұраған сәттерінде қол ұшын беріп, ақылын айту – әкенің міндеті. Қыз отбасында не көрсе соны болашақ ұясында жасайтынын естен шығармаңыз. Әке қыз баланың алдында асқар таудай биік болуы тиіс. Сондықтан тағы бір ескерер нәрсе, ол қыз баланың әр қателігіне араласа бермеу керек. Қыздар ұл балаларға қарағанда ерке, назарға бөленгісі келіп тұратын болып келеді. Сондықтан әкелер қызына әрдайым назар аударып, көңіл бөліп жүруі тиіс. Сабақтан жақсы баға алып келсе де, бір конкурста жеңіске жетсе де оған міндетті түрде жылы сөз айтуды ұмытпаған жөн. Бұл қыз баланы жігерлендіреді әрі оларға бұндай сөзді есту әлемнің бар асылынан да қымбат екенін есте сақтаған абзал. Қыз баланы жаманшылықтан тыю үшін әкенің ыстық махаббаты ананың қырық ақылынан да артық келеді. Сондықтан әке мейірімін аямауы керек. Жақсылық пен жаманшылықтың бірін таңдау керек болған кезде, қыз бала «әкемді жерге қаратпаймын» деп, сіздің махаббатыңыздың арқасында жаза басудан аман қалатынын біле жүргеніңіз дұрыс.

қасиетімен, тіпті Пайғамбарлық келмей жатып танылды. Мекке халқы оны “Мұхаммадул Әмин”, – деп атап кеткен. Кейін осы сипат 40 жасында пайғамбарлық келіп, Ислам дінін таратпақ болғанда да мүшриктенді “бәлкім рас айтады”, – деп “күмәндануына” себеп болған. Оған мына оқиға күйе: Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір күні Сафа тауының басына шығып:

– Ей, Құрайыш қауымы! Мен сендерге мына таудың артында дұшпан әскеріңің келе жатқанын айтсам, сендер ме? – деп сұрайды. Сол жерге жиылғандар бірауыздан: – Иә, сенеміз. Өйткені сен бір рет болса да жалған сөйлеген адам емессің, – дейді. Кейін Алла Елшісі: – Онда мен сендердің Алладан жіберілген Елшімін, – деп сөзін жалғастырып, миссиясын баяндайды. Сол кезде мүшриктен іштей Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сөзі хаққа жанасатынын мойындаса да, нәпсілерімен келіспеді.

Хадиша анамыз да (р.а.) Алла Елшісіне (с.ғ.с.) ең алғаш уахилар келе бастап, қорқып, күдіктеніп, жүрегі тыныштық таппай жатқан кезде жұбатау айтып, былай деген: “Қорқып, үрейленерлік ештеңе жоқ. Уайымдама, Аллаға ант етейін, Ол сен сияқты құлын ұятқа қалдыра қоймас. Өйткені, сен әрқашан шындықты айтасың. Аманатқа қиянат жасамайсың. Туған-туыстарыңмен сәлемің түзу, қасабың ашық. Көршілеріңе мейірімдісің. Кедейлерге қол ұшын беріп, мүсәпірлерді үйіңнің төріне шығарып, оларды құтты қонақтай күтесің. Халқың қиындыққа душар болғанда, жәрдемді аямайсың. Уаллани, сені бұл үмбеттің пайғамбары болар деп үміттенемін”. Сахбалардан Абдуллаһ ибн Әбул-Хамса (р.а.) Исламға дейінгі кезеңде Пайғамбарымызбен сауда-саттық жасасқаны турасында мына бір оқиғаны әңгімелеген: “Хазірет Пайғамбармен сауда жасасып, оған біраз қарызданып қалдым. Мұрсат болса, кейінірек төлегім келетінін айттым. Ол кісі өтінішімді жерге қалдырмады. Бірақ берген уәдемді ұмытып кетіппін. Арada үш күн өткен еді. Есімге түсіріп, уәделескен жерге барғанымда, Алла Елшісінің сол орыннан тапжылмай мені күтіп тұрғанын көрдім”. Осы тағылымды оқиғалардан аңғаратынымыз, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) уәдеге берік болғандығы. Сонымен қоса, әрбір мұсылман білетін оқиғаны – Византия патшасы мен Әбу Суфиянның әңгімесін бір еске түсірейік. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Ислам дінін тарату кезінде көрші мемлекеттерге хат жолдайды. Сол хаттардың бірін Әбу Суфиян Византия елінің патшасы Гераклге жеткізген болатын. Хатты оқып болған Геракл Әбу Суфияннан Алла Елшісінің (с.ғ.с.) бойындағы ерекшеліктерін сұрайды. Оның “Уәдеден тайқып, сертін бұзғанын көргендерің бар ма?” – деген сауалына Әбу Суфиян: – Жоқ, бүгінге дейін болған емес, – деп жауап береді.

Дана бабаларымыз артына “Ер жігіттің екі сөйлегені өлгені, емен ағаштың иілгені сынғаны”, – деп өміршеңдігін жоймайтын сөз қалдырған. Уәдеде тұрудың маңызды екенін біз ұрпақтарымызға отбасында, дастарқан басында жиі айтуымыз керек. Ол айтылмағаннан кейін ата-анасы алдындағы парызын ұмытқан жігіттер, некелі жарының алдындағы уәдесіне жүрдім-бардым қарайтын ерлі-зайыптылар көбеюде. Жоғарыда айтылған хадистер мен тарихтан алынған мағыналы мысалдар оқыған жанның жүрегіне сәуле құярына сенеміз. Уәдемізге берік болайық бауырлар!

ҚАЗАҚ ОТБАСЫНДАҒЫ ӘКЕНІҢ ОРНЫ

– Құранда «Еркектерді биік қылып жараттық. Әйел еркектермен таласпасын. Олар несібесіне қанағат қылсын» дейді. Оны жоғары қылып жаратуының себебі табыс табушы еркек әрі табысын отбасымен бөліп жеу керек. Ал егер өзін еркек ретінде сезінбесе, жарытып жұмыс істеп, табыс таба алмайды екен.

Әкенің отбасындағы рөлінің төмендеуі – қоғамдық дерт. Сондықтан оны мемлекет болып қолға алу керек. Әртүрлі бағдарламалар, кино арқылы насихаттау керек.

Қазіргі қоғамда ер адам әйелге деген махаббатын жоғары қояды. «Еркек Аллаға деген махаббатын жоғары қойса, шын махаббат, шын дос – Алла!» – дейді Абай. Отағасы ретінде табыс тауып, отбасын асырау – әкенің міндеті. Ал ақша, ол – энергия. Әйелдің қолына ақша түссе, ол еріне бағынбай кетеді.

Қазақ бір мақал бар: «Көре-көре көсем болады, сөйлей-сөйлей шешен болады, баулыған соң батыр болады». Біз әдетте алдыңғы екеуін айтып, үшіншісін білмейді екенбіз. Баланы балапан құстай баулу туралы айтып отырмыз. Қазақ даласында әсіресе, ер балаларды ерлікке, батырлыққа баулитын әкелер мектебі болған. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген мақал соның айғағы.

Ерін сыйламайтын әрбір әйел сол отбасында желкілдеп өсіп келе жатқан ұл мен қыздың болашақ тағдырына кері әсерін тигізіп жатқанын білуі шарт. Әйел қанша жерден ақылды болсын, білімді болсын, қызмет дәрежесі жоғары болсын балаларының болашағы үшін ерінің алдында иіліп тұруы керек. Сонда ғана қазақтың ғасырлар бойы мүлтіксіз қызмет қылып келген отбасы институты қалпына келеді.

Сыйлауға тұрмайтын еркек болмайды, сыйлай алмайтын әйел болады. «Жақсы әйел жаман еркекті хан қылады, жаман әйел жақсы еркектің басын даң қылады». Мен ойлап тапқан мақал емес, бабалардан жеткен асыл лепес. Қасиетті сөз. Сондықтан, ұлым ұлықты болып өссін десеңіз, қызым қылықты болып өссін десеңіз, Құдай қосқан қосағыңызды ұлықтаңыз! Сонда ғана қазақтың маңдайына басатын ұлағатты ұрпақ өсіп шығады, – дейді Омар Жәлел. – Әр отбасындағы әкенің рөлі ерекше. Әке – отбасының асыраушысы, отбасы мүшесінің тірегі, қамқоршысы. Әкенің мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнері мен білімі – баланың көз алдындағы үлгі-өнеге алатын, оған қарап өсетін нысанасы. Әке балаға жолдас әрі сырлас болу керек. Ол әрқашан бір әрекет жасау үшін әуелі әкесімен ақылдасады.

Ер баланың өсіп, жетіліп, өз алдына жеке тұлға болып қалыптасуында, қоғамдағы өз орнын дұрыс таба білуінде әкенің атқаратын еңбегі ерекше. «Бір бала бар әкеге жете туар, бір бала бар атадан өте туар, бір бала бар атадан кері кете туар» деген халқымызда дана сөз бар. Ал дұрыс тәрбие алған бала қоғамға пайдасын тигізетін азамат болып өседі.

Хамзат ӘДІЛБЕКОВ, облыстық “Қызылжар” орталық мешітінің бас имамы.

СПОРТ – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ



Спорттың адам өмірінде алатын орны ерекше. Спортпен айналысқан адамның денсаулығы мықты, шыдамды, шымыр болады. Біздің ата-бабаларымыз «тәні саудың — жаны сау» немесе «бірінші байлық-денсаулық», — деп бекер айтпаған. Бірақ, осы нақыл сөздің салмағын, жүктер жауапкершілігін сезінбейтін де, мойындамайтын да сыңайлымыз.

Салауатты өмір сүрудің, тазалықты сақтаудың белгілі ережелерін білмейтін де жан кемде-кем. Тіпті ол мектеп бағдарламасына да енгізілген. Бірақ оған көпшілігіміз күнделікті өмірде аса мән бермейміз. Неге? Оның басты себебі, өз бойымызда қалыптасып қалған жалқаулық жеңетін күш-жігердің әлсіздігі. Бұл әлсіздікке мойынбас үшін күнде таңертеңгілік уақытта 20-30 минуттай ертерек тұрып шама келгенше жүгіріп, секіріп әртүрлі қимыл-қозғалыс жаттығуларын жасап соңынан салқын сумен шайынып денені шынықтыруға болады ғой. Бірақ көпшілігіміз жас кезімізде бұл мәселеге көңіл бөлмей есейген соң жалқаулықтың құрсауынан босай алмай, жасымызға жетпей қартайып, әртүрлі созылмалы ауруларға шалдығып, қайғы-қасірет пен өлім қорқынышынан қалтырап күн өткіземіз. Денсаулығымыз мықты болу үшін мынадай төрт шартты бұлжытпай орындау қажет. Олар: дене еңбегі, тамақты уақтылы ішуді, уақытты дұрыс пайдалану, шынығу және демала білу. Оның бесінші шарты — бақытты өмір сүру!

Спортпен айналысу денсаулықты жақсартады. Спорттың ең қарапайым түрі — жүгіру. Күн сайын таңертен үйдің маңайында, саябақта, алаңда жарты сағаттай жүгіру қажет. Егер, жүгіруге дәрігер рұқсат етпесе таңғы таза ауада серуендеуге болады. Сондай-ақ әртүрлі жаттығулар жасауға болады.

«Салауатты өмір сүру дегеніміз — тазалық сақтап, дене тәрбиесі және спортпен шұғылдану». Бала тәрбиесіне қазақ халқы ерте кезден көңіл бөліп, баланың ақыл — ойының, дене бітімінің дұрыс қалыптасуына ерекше көңіл бөліп отырған. Осыған дәлел қазақтың спорттық ойындары. Жас кезінен бастап балаларға дұрыс тәрбие беріп, асық атып, атқа мініп, теңге іліп, бәйгеге шауып, күреске түсіп өскен балалар шымыр да шыныққан, епті де икемді болғанын білеміз. Қазіргі уақытты өткен кезеңмен салыстыра алмайсың. Себебі, уақыт өте көптеген өзгерістер өмірге енді. Тіпті, бала тәрбиесіне жаңаша көз қараспен қараймыз. Қазіргі таңдағы қоғамдағы жат қылықтар жастарға кері әсерін тигізуде. Жастар арасындағы темекі, ішімдікке еліктеушілік, тіпті нашақұмарлық та дендеп бара жатқандай. Қазіргі ғаламдық жаңару кезінде компьютерге тәуелділік мәселесі де қосылып отыр. Қызығушылықпен істеген әрекеттің соңы немен тынарын да түсінбей істеп, опық жеуі мүмкін. Демек, қазақ халқы «тәрбие басы — тал бесік», — деп бекер айтпаса керек. Жат қылықтарға қарсы тәрбиені отбасы ошақ қасынан бастаған жөн.

Салауатты өмір салтын қалыптастыруда дене тәрбиесінің маңызы зор. Жастарды болашақтың тірегі болатын, денсаулығы мықты азамат ретінде қалыптастыру керек. Яғни, дені сау, білімді, білікті, жан-жақты қалыптасқан болашақ жастарды елестетеді. Жастардың жан-жақты дамуын спортсыз елестету мүмкін емес. Денесі жақсы дамыған деп күн режиміне спортпен жүйелі айналысуды енгізген, ағзаның шынығуы үшін табиғи факторларды тұрақты пайдаланатын, жұмысты белсенді демалыс пен ауыстырып отыратын жас адамды айтамыз.

Бір сөзбен айтқанда, спорт — барлық тәрбие атаулының бір саласы. Оның түп қазығы — қозғалыс, ал қозғалыссыз тіршілік жоқ. Спорт сөзінің мағынасы кең. Дене тәрбиесі соның құрамдас бөлігі, дәлірек айтқанда бастапқы баспалдағы. Онымен тұрақты шұғылданған адамның денсаулығы мықты, зор болмақ. Бірінші байлық — денсаулық, ал сол денсаулықтың кепілі — спорт.

Тайыншалықтар бұл салада өздерін жақсы жақтарынан көрсетіп жүр. Спорттық іс-шаралар қашанда сұранысқа ие. Республика, облыс, аудан көлемінде біздің майталман спортшыларымыз баршылық. Спорттың қандай түрінен болса да бірнеше чемпион-жеңімпаздарымыз бар деп, мақтанышпен айта аламыз. Бұл бағытта ауданның спорт бөлімі, жаттықтырушы-тренер, пән мұғалімдерінің еңбегі зор. Аудан әкімшілігі де үнемі спорт сүйер қауыммен тығыз байланыста. Аудандағы хаық қалаулылары — депутаттар да спорт ойындарына атсалысып, демеушілік көрсетіп спортпен айналысқан жастарға үнемі қолдау көрсетіп жүр.

Бұған дәлел, Тайынша ауданында еркін күрестен өткен сайыста Теңдік, Абай, Алабота, Донецк, Тихоокеан, Миронов, Краснополяна және Большой Изюм ауылдық округтерінен кіл мықтылар күш сынасты. «Тайынша барысы» турнирінің ашылу салтанатына қатысқан аудан әкімінің орынбасары Еркебұлан Дюсембин аудан әкімінің атынан спортшыларды құттықтап, «Ауданымыздың кіл мықтылары өңірімізді республика деңгейінде танытып жүргені қуантады, бұл Петропавл қаласында өтетін облыстық жарыстың іріктеу кезеңі. Осы ретте үздік деп танылған екі жеңімпазымыз ауданымыздың намысын облыс деңгейінде қорғайтын болады», — деді Е.Дюсембин. Сонымен жарыстың қорытындысы бойынша Миронов ауылдық округінен келген Тамерлан Хасенов жүлделі үшінші орынды иеленсе, екінші орынды Донецк ауылдық округінің атынан қатысқан Санат Қахабаев жеңіп алды. Бас жүлдені Теңдік ауылдық округінен Аметхан Нұрболат иеленіп, жеңіс тұғырына шықты. Жеңімпаздарға кубоктар мен сәйкесінше 30, 50 және 70 мың теңге көлемінде ақшалай сыйлық табыс етілді. Осы орайда «Зим Экспорт» ЖШС басшысы А.Абдрахманова спорттық сайысқа демеушілік көмек көрсеткенін айта кеткен жөн.

ЕРКІН КҮРЕСТЕН
МЫҚТЫЛАР АНЫҚТАЛДЫ

Тайынша қаласында 2010-2016 жылы туған жасөспірімдер арасында 20 салмақ категориясы бойынша еркін күрестен облысаралық турнир өтті.

Жарысқа Тайынша, Петропавл, Көкшетау, Щучинск қалалары, сонымен бірге Уәлихан, Ақжар, Ғ.Мүсірепов атындағы аудан, Ақмола облысына қарасты Бурабай және Зеренді аудандарының жастары қатысты. Спорттық іс-шараның ұйымдастырушы болып еркін күрес бойынша жаттықтырушы, бірнеше дүркін чемпион, спорт шеберіне кандидат Бейімбет Абилов жетекшілік ететін Еркін балалар спорт клубы танылды. Жеңімпаздар сондай-ақ «Үздік техника», «Жеңіске деген ынтыас үшін» сынды номинациялар бойынша да марапатталды.

Айта кетерлігі, бүгінгі таңда қалалық №4 мектебінде орналасқан аталған спорт клубында 70-ке жуық жасөспірім жаттығады екен. Жарыста Б.Абиловтың оқушылары әртүрлі салмақ көрсеткіштері бойынша 16 жүлделі орынға ие болды. Осы ретте А.Сәдуақас, И.Темірханов, Ш.Айтметов алтынды қанжығалады. Өз кезегінде О.Айтметов, Н.Озаев, М.Грозный, Е.Котляренко, М.Сержанский, В.Заяц, Я.Акименко күміс жүлдегер атанды. Жарыс қорытындысы бойынша қола медальды Ш.Айтметов, К.Ермұқан, М.Яндиев, Т.Құдайбергенов, Н.Сұлтанов және Э.Шилдыкенов иеленді.

Бүгін еркін күрес жасөспірімдер арасында кең танымал спорт түрі. Бұл клубтың жаттығушылары түрлі спорттық сайыстарда үнемі жүлдемен оралатынын айта кеткен орынды. 3 жылдан астам жұмыс істеп келе жатқан ұйымның көрсеткіштері айтарлықтай. Атап айтқанда, 2 спортшы спорт шеберіне кандидат атанып, бесеуі облыс көлеміндегі жеңімпаздар, арасында республика деңгейінде жақсы көрсеткіштерге қол жеткізіп жүргендері де бар екен. Міне осындай үлкен жарыстарға қатынасып жүрген жерлестеріміздің арасында Бұлбек Ұлан Қанатұлы да бар. Ол №2 Чкалов орта мектебінің 4 - сынып оқушысы, сынып жетекшісі-Рахметжанова Алтыншаш Талғатқызы. Ал, осындай жетістіктерге жетуге баулып жүрген тренер - Сабыров Серік Сейілұлы. Ұлан 6 жасынан бастап күреске барады. Жалпы спортпен айналысуды өте жақсы көреді. Немересінің осындай жетістіктерге жетіп, спортты өзіне серік етіп жүргеніне барлық туған-туыстарымен қатар, нағашы атасы өте қатты қуанышты. Үнемі жарыстарға қатынасып, жанкүйер болып жүреді.



NOMAD RUN-ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖОБА



NomadRun

Көшпенді марафоншылар жорығы

Алыс қашықтыққа жүгіру арқылы халық арасында жүгіру мәдениетін қалыптастыру. 5-ультрамарафоншылардың қатысуымен алғашқы жүгіру 23 сәуірде басталды. Мақсат — бүкіл Қазақстанды бір айда жүгіру. Жобаға кемінде 1000 адамды тарту. Старт — Астана қаласы, ал финиш Ақтау қаласы.

6-ультрамарафоншылар біздің Тайынша ауданына да жетті, оларды Келлер ауылдық округінің әкімі Досымжан Илиясов, дене шынықтыру және спорт секторының меңгерушісі Ержан Жұмбаев, ауданның спорт жанкүйерлері мен Келлер ауылдық округінің жастары қарсы алды. Жастар ультрамарафоншыларға өздерін қызықтыратын сұрақтарын қойды, сондай-ақ олардың алға қойған мақсаттарына жылы лебіздерін білдірді. Сәт-сапар, Ультрамарафоншылар!



NOMADRUN

NOMADRUN - ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖОБА. ҮЛКЕН ҚАШЫҚТЫҚҚА ЖҮГІРУ АРҚЫЛЫ ХАЛЫҚ АРАСЫНДА ЖҮГІРУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.

NOMAD RUN - ИДЕОЛОГИЧЕСКИЙ ПРОЕКТ. ФОРМИРОВАНИЕ БЕГОВОЙ КУЛЬТУРЫ СРЕДИ НАСЕЛЕНИЯ ЧЕРЕЗ БЕГ НА ДАЛЬНУЮ ДИСТАНЦИЮ.

ПЕРВЫЙ ЗАБЕГ С УЧАСТИЕМ 5-УЛЬТРАМАРАФОНЦЕВ СТАРТУЕТ 23 АПРЕЛЯ. ЦЕЛЬ - ПРОБЕЖАТЬ ВЕСЬ КАЗАХСТАН ЗА МЕСЯЦ. ВОВЛЕЧЕНИЕ В ПРОЕКТ НЕ МЕНЕЕ 1000 ЧЕЛОВЕК. СТАРТ Г. АСТАНА, ФИНИШ Г. АҚТАУ.

5
МАРАФОНШЫ

18 ҚАЛА
100 ДЕН
АСА ЕЛДІ
МЕКЕН

ЖҮГІРУДІ
НАСИХАТТАУ

1000
ҚАТЫСУШЫ

ЕЛ
АУМАҒЫН 1
АЙДА
ЖҮГІРІП ӨТУ

ТАНЫМАЛ
ТҰЛҒАЛАРДЫ
ТАРТУ



МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

Қазақстандықтардың жеке немесе денсаулыққа арналған «қалталық» шығыстарының үлесі әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі қаражатының арқасында 5,4%-ға төмендеді.

МӘМС реформасы, ең алдымен, қазақстандықтардың отбасылық бюджетін медициналық көмекке жұмсалатын шығындарды үнемдеуге және әрбір тұрғын үшін бұрын мемлекет кепілдік берген пакетте қаржыландырылмаған қымбат операциялар мен зерттеп-қараулардың қолжетімділігіне бағытталды. Өйткені, адамдар босатылған қаражатты білімге, әл-ауқатын жақсартуға инвестициялай алады. Егер 2017 жылы халықтың медициналық қызметтерге ақы төлеуге жұмсайтын жеке шығыстарының үлес салмағы денсаулық сақтаудың жалпы бюджетінің 33,1%-ын құраса, бұл ДДҰ белгілеген рұқсат етілген шектен екі есе көп болса, онда 2022 жылы Ұлттық шоттардың деректеріне сәйкес «қалталық» шығыстар 27,7%-ға дейін төмендеді. МӘМС енгізілгенге дейін азаматтар амбулаториялық емханалық көмек көрсетуге және дәрілік заттарды сатып алуға көп шығыстар жұмсады.

Қосымша қаржы қаражаты бұрын қаржыландыру тапшылығын бастан өткерген бағыттарды дамытуға бағытталған. Мысалы, 2022 жылдың деректері бойынша жоғары технологиялық медициналық қызметтерді қаржыландыру көлемі 3,5 есе, медициналық оңалту 12,5 есе және консультациялық-диагностикалық көмек 14 есе ұлғайды. Бұл ретте МӘМС медициналық көмекті қаржыландыру көлемін 1,1 трлн теңгеден 2,5 трлн теңгеге дейін ұлғайтуға мүмкіндік берді, ал еліміздің бір тұрғынына денсаулық сақтау шығыстары 56,8 мың теңгеден 121,7 мың теңгеге дейін ұлғайды. Тек амбулаториялық деңгейде бекітілген бір азаматқа шығыстар 15 914 теңгеден 39 967 теңгеге дейін, яғни 2,5 есе өсті. МСАК-ты қаржыландыру Денсаулық сақтау бюджетінің 34% -ын құрады. МСАК деңгейінде шығыстардың осындай елеулі өсуіне қарамастан, бастапқы буынды қаржыландыру ДДҰ-ның МСАК қаржыландыру стандарттарымен ұсынылған денсаулық сақтау бюджетінің 60% -на жетпейді. Осылайша, МСАК көрсету шығындарын одан әрі арттыруды жалғастыру қажет. Медициналық көмекке жұмсалатын шығыстардың бұл өсуі медициналық ұйымдардың инфрақұрылымын, техникалық жарақтандыруды, кадрлармен қамтуды, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудің қолжетімділігін дамытуға, әлемдік стандарттарға сәйкес медициналық көмек көрсетудің үздік тәжірибелерін енгізуге ықпал етеді.

Әлеуметтік Медициналық Сақтандыру Жүйесі мәліметтері бойынша.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖЕДЕЛ АЛДЫН АЛУ ІС-ШАРАСЫ

Ағымдағы жылдың 15 мамырдан 25-не дейін СҚО Тайынша ауданының аумағында СҚО бойынша ҚАЖД Тайынша аудандық ПҚБ қызметкерлері Тайынша аудандық ПБ бірлесіп, пробация қызметі бөлімінің есебінде тұрған қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларға сотталғандар тарапынан құқық бұзушылықтар мен қайта қылмыстарды алдын алуға бағытталған «Подучетник» атты республикалық жедел алдын алу іс-шарасы өткізілуде.

Пробация қызметі бөлімінің инспекторлары ұшаскелік полиция инспекторларымен бірлесіп, барлық сотталғандарды тұрғылықты жері және жұмыс орны бойынша тексеріп отырып, рейдтер жүргізеді, сотталғандардың көршілерінен және туыстарынан жауап алады. Қоғамнан оқшаулаусыз жазаны өтеудің тәртібі мен шарттарын бұзатын сотталғандарға заңнамалық тәртіппен ықпал ету шаралары уақтылы қолданылатын болады, ал жазаны өтеу шарттарын қасақана бұзылған жағдайда сотталғандар тарапынан бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны бас бостандығынан айыру жазасына ауыстыру үшін сотқа материалдар жолданады.

«Подучетник» республикалық жедел алдын алу іс-шарасы өткізу кезеңінде СҚО Тайынша аудандық сотына 2 сотталғандарға қатысты бас бостандығын шектеу жазасын бас бостандығынан айырумен ауыстыру туралы және 1 сотталғанға қатысты шартты түрде жаза мерзімін ұзарту үшін материалдар жолданды.

СҚО бойынша ҚАЖД Тайынша аудандық ПҚБ аға инспекторы әділет майоры Г. Ағзамова.

ЖЕР УЧАСКЕСІ КӘСІПКЕРГЕ ҚАЙТАРЫЛДЫ

Солтүстік Қазақстан облысында ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші мемлекет мұқтажы үшін одан мәжбүрлі түрде алынған жер учаскесін қайтарып алды. Есіл ауданының әкімдігі Петровка ауылының тұрғындарын жеке ауланың ауыл шаруашылығы жануарларын жаю үшін жайылымдық жерлермен қамтамасыз ету мақсатында аграрийден ауданы 290 га жер учаскесін алып қою туралы қаулы шығарды. Мұндай шешім шығаруға 2022 жылдың соңында Петровка ауылының тұрғындары үшін жайылымдар мен шабындық алқаптардың жетіспеушілігі мәселесі қаралған, ауылдық округ тұрғындары жиынының хаттамасы негіз болды. Алайда, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңның нормаларына сәйкес, жер учаскелерін алып қою немесе жер учаскесін жалға алу мерзімдерін тоқтату туралы мәселелерді қарау жергілікті қоғамдастық жиындарына бекітілмеген.

Кәсіпкер өз құқығын қорғау үшін СҚО Кәсіпкерлер палатасына жүгінді, онда ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің департаментімен бірлесіп сот органдарына талап арыз дайындау бойынша консультативтік көмек көрсетілді. Алайда, Есіл ауданының әкімдігі СҚО мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының шешімі шыққанға дейін алдын ала әрекет етіп, жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығаруды бастау туралы қаулының күшін жойды.

ЖАРТЫ ҒАСЫР ЖОЛ ҮСТІНДЕ

«Жол – өмір»... осы сөз тегін айтылмаса керек. Шынымен де, алыс пен жақынның арасын жалғаған жол – қайнаған өмірдің күретамыры емес пе?! Ол жолда талайдың тағдыры мен тәуекелі, арманы мен аманаты кетіп бара жатыр... Қиыны, сол өмір жолының қадірін кетірмей, межелі жерге аман-есен жету.

Тайынша ауданының Тайынша-Котовский бағытындағы жол торабы тайыншалықтар үшін ерекше өмір жолы. Кезінде сол бағыттағы елді-мекендерге аудан орталығынан күніне екі мезгіл автобус қатынағаны талай жолаушың есінде қалды. Ол бағытта ерсілі-қарсылы жүріп жатқан түрлі жүк көліктері мен жеңіл автокөліктер қайнаған еңбектің ерекше бір көрінісін байқататын. Осы бағыттағы жол әлі де бар. Біраз жылдар қараусыз қалып, жүріп – тұру қиын болды. Соңғы екі жылда жағдай өзгеріп, жолдар жөнделіп, әсіресе, көлік тізгіндеген жүргізушілер үшін жағдай жақсарды. Бірақ, өкінішке орай сол бағыттағы елді-мекендердің қатары азайып бара жатқаны, әсіресе, сол елдерде туып – өскен жандардың жүрегін тебіrentпей қоймайды. Заман ағымы ма, әлде елді сақтап қалуға қандай да кедергі болды ма, осы бағыттағы кезіндегі іргелі Көзашар мен Еңбек ауылдарының мүлдем құрып кеткені орны толмас өкініш... Аудан орталығынан осы бағытта келе жатқанда үлкен ел Бірлік ауылы болатын. Ауыл маңындағы көлде жаз айларында аққу-қаз қонып ерекше бір сәнге бөленетін, ауыл балаларының шатшадыман күлкісі, кешке жақын өрістен мал қайтқан кездегі ауыл өмірі тамаша, қайталанбас өмір белесі еді, шынымен де кезінде ауылдың кәрі - жасы тіршіліктің берекесін келтіріп, күндер жылжып өтіп жатты. Сол Бірлік ауылында талай азаматтар есейіп ер жетті, білімдерін жетілдіріп еңбекке араласты. Біздің бүгінгі кейіпкеріміз осы Бірлік ауылында туып өскен, алғашқы еңбек жолын бастап, сол бір ауылға апарар жолда жүргізуші болып, түрлі көлікті өзіне бағындырған ел азаматтарының бірі - Усипов Аманжол Ақылбекұлы. Ол 1971 жылы әскер қатарына шақырылды. Әскерден кейін 1976 жылға дейін Тайынша қаласында Трансельхозтехника базасында жұмыс атқарды. Сол жылдары ол жастық жалынмен еңбекке араласып көпұлтты тайыншалықтармен қатарласа еңбек атқарады. Кейін 1976 жылдан Теңдік ауылында еңбек етті. Әскерге дейінгі алған жүргізуші мамандығы өзіне еңбек жолында өмірлік серігі болды. ГАЗ-53, ЗИЛ машиналарымен құрылысқа қажетті заттар, көктемгі егіс пен күзгі егін орағы кезінде арпа-бидай және басқа да дәнді-дақылдарды қамбаға тасыды. Түмен облысынан көбінесе құрылысқа ағаштар тасыды, ал Шығыс Қазақстан Семей өңірінен шаруашылыққа мал тасыды. Сол кездегі Теңдік мал бордақылау кешенінде зоотехник Еслямбек Нұрақайұлы екеуіміз жолда барарда 3 күн, қайтарда 3 күн тоқтамай жүреміз. Сонда тіпті шаршамаймыз, - дейді Аманжол ағамыз өткен күнін еске алып.

Өмір жылжып өтіп жатты, Аманжол Ақылбекұлы 1978 жылы, сәуір айында отау құрып, Ғалия Асылбекқызы екеуі шаңырақ көтереді. Өмірге ұрпақ әкеліп, өсіріп - жеткізіп, енді немерелердің қызығына бөленер шаққа да жетті. 9 немеренің ақылшы атасы мен әжесі атанып отырған біздің бүгінгі кейіпкерлеріміз соңғы 15 жылда заманның ағымына сай қалаға көшіп келді. Бірлік ауылының тумасы біздің кейіпкеріміз ата-анадан 7 бала болды.

Әкеден 4 жасында көз жазып қалған Аманжол ағамыз, өмірде еңбекпен ерте есейген жан. Анасы Мәрия Рақымжанқызы балалары үшін ерінбей еңбек етіп, балаларын жеткізді. 1991 жылы 76 жасында дүниеден өтті. Мәрия әжеміз балаларын бір сәт еркелетсе де, көбінесе балаларға өте қатал болды. Үнемі «Ерінбей еңбек етіңдер, еңбектің наны тәтті болады», - деген анасының сөзін де Аманжол аға сағынышпен еске алды.

Еңбек жолында жүргізуші болып жарты ғасырға жуық осы жол бойында, тіпті алыс сапарларға да шығып майталман жүргізуші болған біздің кейіпкеріміз бүгінгі таңда 70 жасқа келіп, абыз ақсақалдар қатарына аяқ басты. Өзінің сабырлы мінезі, артық сөзі жоқ, ақырын сөйлеген сөзі, өзінің өмірлік көркі. Ол - еңбек десе ерінбейтін, еңбегі еленіп жоғары марапаттар алмаса да Аманжол ағамыз өзінің есіміне сай сол 45 жыл жүргізуші болды, жүрген жолында аман жүріп халықтың алғысын алды. Келе жатқан бағытында жолға шыққан жолаушы болса, қалдырмай ала кететін. Өйткені бұл бағыттағы жол кезінде елдің күретамыры болып тұрды. Күніне қаншама жан аудан орталығымен қатынас жасайды. Көлігі барлар қалаған уақытында келіп-кетіп жатты, көлігі жоқтар көптің тілімен айтқанда «Айналайын, ауданға ала кетші» деп жолға шығатын. Таңмен таласа тіршілікке кірісетін бұл жандардың қаншама жылдық бейнеті жоғары бағалауға лайық. Әсіресе, қыстың суық мезгілінде мұз боп сірескен көлікті от алдырып, іске қосу оңай шаруа емес. Оның үстіне бұл жұмыстарды таң атқаннан атқарсаңыз мұндай бейнетке батылыңыз бара бермесі анық. Осы кәсіптен нан табатын жандар үшін бұл әдеттегі жұмыс. Бұл көлік жүргізуші мамандығының қиындығы мол, әдісін білмегенге айтарлықтай ауыртпалығы да жеткілікті. Күнде солай. Таңсәріден басталған тіршілік түннің бір уақытына дейін жалғасып жатады. Дәл осылай еңбек етіп, көлік тізгіндеген Аманжол ағамыз бүгінде зейнет жасында. Зейнет жасына дейін көлік тізгіндеген жан, бүгінде жолда жүрген кез келген жүргізушілерге жол аمانдығын тілеп отырамын, дейді. Сонау жастықтың жалынды шақтарында бұл ауданда Аманжол ағамыздың табаны тимеген жер жоқ десек те болатын шығар. Түрлі маркалы көліктерімен ауданның әр бағытына қатынас жасаған жан.

Осы уақыт ішінде жол азабын да, басқаны да бір кісідей-ақ көрдік. Түрлі бағытқа қатынас жасадық. Бірақ мойымадық. Мойнымызда қаншама адамның аманаты болғандықтан, жауапкершілігі де зор екені белгілі. Ол кезде жастық жігер де бар шығар. Қазір сондай қартайып тұрмасақ та, алыс жолдың қиындығын бірден білеміз. Жол жақсы, көлік сенімді болғанымен шаршайтынымыз бар. Есіме алсам әр сапардың өзіндік ерекшелігі, есте қалар айрықша сәттері болды. Жұмыс бабында талай жолушыны кездестірдік. Жол қаражаты болмай жағдайын айтып барар жеріне жетіп қалған жандарды есептегенде, жолда қалған көлігін тіркеп, елге жетіп қалған жандар да болды. Біз жол үстінде болатын мұндай жағдайлардың барлығын жолаушының мойнындағы бір парыз деп қарадым. Шүкір, ол пейілімізден жаман болған да жоқпын. Жетер жеріме аман барып, еліме аман-есен жетіп, осы жасқа жеткеніме, Аллаға шүкіршілік, - деймін, деген ойын ағамыз тебірене әңгімелеп берді.

«Жолында тұрған жолаушыны жолда қалдырмай,



ерінбей елі үшін еңбек етіп, халықтың алғысын арқалап, өз бақытын қарапайым еңбегінен тапқан отбасының бас көтерер азаматы болса, осындай болсын. Уақытпен санаспай, еңбек етіп, басшыға да отбасына да сыйлы болып, жолаушы амандығы мен аманатын бірінші орынға қоя білу - үлкен бақыт. Сондай жандар қатарында болған Аманжол Ақылбекұлының шынайы еңбегі жоғары бағалауға, ерекше марапатқа лайық деп білемін! «Еңбек адамына құрмет көрсету төңірегінде Президент өзінің халыққа арнаған Жолдауында ерекше атап өтті. Партия осы бағытта «Еңбек адамы» жобасын іске қосып, жоба аясында еңбек адамдарын құрметтеу, олардың еңбегін кейінгі ұрпаққа насихаттау, жастарды адал еңбекке шақыруда көпшілікке үлгі болып келеді. Бүгінгі мақаламыз және мақала кейіпкері соның бір көрінісі деген ойдамын.

Гүл ЖАМАШҚИЗИ, «Тайынша таңы»

ҰРПАҒЫ ОЙ ТОЛҒАЙДЫ:

Әрбір адамның өзіне тән ғұмыр жолы, тіршілік баяны бар, бірақ еткен еңбек, көрген бейнет, татқан зейнет, алған асу, жеткен биік әркімнің өмірінде арқилы. Оны сырт көз өздерінше бағалап та жатады. Сондағы жалпының іздейтіні біреу: ол – кісілік келбет, азаматтық тұлға. Оған – дәл осындай адами асқақ қасиетке, қанша ғұмыр кешкенімен, жеткен де бар, жетпеген де бар. Біз, сіздің балаларыңыз, перзенттік жүрегімізден айтарымыз: Әкеміздің осы жеткен жасы, жүрген өмір жолы - біз үшін үлгі!

Өзінің өнегелі өмір соқпағында сыйластық пен достықтың ұлағатын ұлықтап, үлкенге құрмет, кішіге ізет болар ұлттық дәстүрлерді үкілеп, бізге тәрбие берген әкемізді біз, ұрпағы мақтан тұтамыз! Әке сіздің мағыналы өміріңіздің, шуақты шаңырағыңның алтын діңгегі - өмірлік қосағың аяулы анамыз екеуіңіз бізге ең жақын, асыл жандарсыздар! Алдарыңызда бас иеміз! Ертеңгі мәуелі ағаш жемісі – бауыр еті балаларыңыз бен алтын асықтай немерелеріңіз сіздердің қуаныштарыңызға ортақпыз, әрқашан сіздермен біргеміз! Әке, Бүгінгі 70 жасқа толған мерейлі мүшел тойыңызда өзіңізге мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, әулетімізге баянды бақыт тілейміз!

*Құтты болсын 70 жасыңыз,
Сексеннің де сеңгірігінен асыңыз.
Қуат алып, денсаулықтың нәрінен
Жүзіп өтіп жүзге аяқ басыңыз!
Балалардың арасында жүріңіз,
Шаттық нардаң айық басын жүзіңіз!
Тілек еттік шын жүректен бәріміз
Мықты болып ұзақ өмір сүріңіз!
Бір Жаратқан жар болып, қорғай жүрсін,
Ата-баба аруағы қолдай жүрсін.
Ұрпағыңыз әрқашан аман болып,
Бір біріне сәлемін жолдай берсін!*



АУЫЛ МЕДИЦИНАСЫ АЛҒА БАСЫП КЕЛЕДІ

Ұлт саулығы жақсы болса ғана, қоғам орнықты дамиды – деген еді ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған “Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам” атты Жолдауында. Тұрғындардың денсаулығын жақсарту еліміздің мемлекеттік саясатының басым бағыттарының бірі саналады. Денсаулық сақтау саласын дамыту, тұрғындарға заман талабына сай, қолжетімді және сапалы медициналық қызмет көрсету мақсатында елімізде көптеген жұмыстар атқарылуда.

“Денсаулық сақтау саласы бәсекеге қабілетті болуы үшін дәрігерлер дайындау жүйесін жетілдірген жөн. Медициналық жоғары оқу орындарының жанынан көпбейінді ауруханалар және клиникалар ашылады. Алдағы үш жылда резидентураға бөлінетін грант саны 70 пайызға көбейеді. Мұның бәрі ұлт денсаулығын сөз жүзінде емес, іс жүзінде жақсартуға септігін тигізеді”, – деді Президентіміз. Жалпы бұл салаға еліміз егемендікке қол жеткізген жылдан бері айрықша қолдау көрсетіліп келеді. Оқу орындары ашылып, оларда жүздеген, мыңдаған шәкірт тәрбиеленді. Мамандардың дені бүгінде білікті дәрігер атануда. Өз басым денсаулық сақтау саласына кездейсоқ келген жоқпын, бала кезден ақ халат кигенді ұнататынмын. Осылайша арман қуып, Ақмола мемлекеттік медицина академиясына емдеу ісі мамандығына оқуға түстім. Оқу орнын тамамдағаннан кейін еңбек жолымды ауылдан бастауды жөн санадым. 2002 жылы Аққайың аудандық ауруханасына дәрігер-хирург болып жұмысқа қабылданып, төрт жыл сонда еңбек еттім. Кейін емдеу мекемесінің хирургия бөлімшесін басқару ісі сеніп тапсырылды. Соңғы уақытта адамзат баласын жүрек-қан тамырлары аурулары алаңдатып отырғаны белгілі. Бұл дертпен күрес біздің облыста да өзекті. Сондықтан 2009 жылы Петропавл қаласында кардиологиялық орталықтың ашылуы өңір тұрғындары үшін қуанышты жаңалық болды. Сол жылы орталыққа рентген-хирург болып ауыстым. Ресей, Франция, Литва және Латвия сынды елдерде біліктілігімді шыңдадым. Кардиологиялық орталық ашылған алғашқы кезде білікті мамандар жетіспеді. Ол кезде күніне 14 отаға дейін жасауға тұра келді. Науқастардың дертінен айығып, өздігінен жүріп-тұрғанын көргенде ауыртпашылықтың барлығын ұмытып кеткендей сезінетінмін. Ал бүгінде кардиологиялық орталықта орта есеппен жылына 5 мың науқас ем қабылдайды. Онда коронарография, жүрек артерияларын стенттеу, перифериялық артерияларды стенттеу, аортография, миға баратын артерияларды стенттеу, ангиопульмонография, электро-кардиостимулятор қою, электро-физиологиялық зерттеу, радиожилікті абляция, бүйрек артериясының абляциясы операциялары жасалады. Осыдан бірнеше жыл бұрын ғана солтүстікқазақстандықтар жүрекке ота жасату үшін Астана, Алматы қалаларына сабылатын. Қазір ең күрделі отаны жасау жергілікті дәрігерлерге сеніп тапсырылған. Президентіміздің “Медицина – инвестиция салуға қолайлы сала. Тек оған дұрыс жағдай оясау қажет”, – деген сөзі өте орынды айтылған. Менің ойымша, бұл саладағы жауапкершілік – ақ халатты абзал жандарда.

Олар бүгінде өркениетті елдерге оқуға жіберіліп, ондағы есімдері әлемге әйгілі дәрігерлерден дәріс алуда. Осылайша өңір дәрігерлері өз білгендерін тұрғындар денсаулығын нығайтуға жұмсайды. Мен 2009-2011 жылдар аралығында “2-ші қалалық ауруханада” рентгенхирург дәрігері, кейін “Кардиологиялық орталықтың” рентген-эндоскопиялық хирургия және сәулелік диагностика бөлімшесінің меңгерушісі, “Көпбейінді облыстық аурухананың” кардиология блогының басшысы болып қызмет еттім. Басшылық мені 2022 жылы “Тайынша көпбейінді ауданаралық ауруханасының” директоры етіп тағайындады. Әрине, облыс орталығы мен ауылдағы медицинаның деңгейін салыстыра бағамдауға болмайды. Елді мекендерде тұратын халықтың денсаулығын сақтау үшін әлі біраз жұмыс істелуі керек.

Тайынша ауданына қарасты ауылдардың барлығында бірдей медициналық пункт бар деп айта алмаймын. Кадр мәселесі де өзекті болып отыр. Жалпы ауданымызға 2020 жылдан бері 22 дәрігер келді. Бүгінгі таңда анестезиолог-реаниматолог, хирург, педиатр, неонатолог, акушер-гинеколог, отоларинголог, дерматовенеролог мамандар ауадай қажет. Президент ел дамуын айқындаған құжатта ұлттық жоба аясында 32 аудандық аурухана заманға сай жаңарып, ауданаралық көпбейінді мекемеге айналатынын айтты. Олардың қатарында өзін тізгінін ұстап отырған “Тайынша көпбейінді ауданаралық ауруханасы” да бар. Болашақта емдеу мекемелерінде инсульттен емдеу орталықтары, хирургия, жансақтау және оңалту бөлімдері ашылады. Бұл төрт миллионнан астам адамға көрсетілетін медициналық қызметтің сапасын арттырмақ.

Біз кадр мәселесін шешу бағытында қол қусырып отырған жоқпыз. 2022 жылы еліміздің алты жоғары оқу орнын араладық. Олардың қатарында Алматы, Қарағанды, Астана, Шымкент, Түркістан қалаларындағы университеттер бар. Сапар барысында ауруханамыз жайлы баяндама жасап, жетістік, жоспарларымен бөлісіп, жастарды жұмысқа шақырдық. Былтыр 7 маманды жұмысқа қабылдасақ, үстіміздегі жылы бір хирургты, 2 анестезиолог-реаниматологты, дерматовенеролог және 2 жалпы тәжірибелік дәрігерді күтіп отырмыз. Екі жас ауруханамыздың бюджеті есебінен білім алуда. Олар ауданымызға келген кезде үймен қамтамасыз етіліп, көтермеақыға ие болады.



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында: “Үкіметке денсаулық сақтау саласын және жалпы әлеуметтік саланы қаржыландыру жүйесін қайта қарауды тапсырамын. Медициналық инфрақұрылымды кешенді түрде жақсартуға баса назар аудару керек. Мемлекет пен жекеменшіктің серіктестігін тиімді пайдаланған жөн”, – деген болатын. Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру барысында Тайынша ауруханасына 2022 жылы желтоқсан айында жаңа компьютерлік томограф аппараты орнатылды. Бұл қондырғының құны – 268 млн. теңге. Енді ауылдарда тұратын емделушілер компьютерлік томографиядан өту үшін Петропавл қаласына барып сандалмайды. Зертханашыларымыз жаңа құрылғының жұмыс істеу тәсілін толықтай меңгеріп алды. Ол үшін Мәскеуден өндірушілер арнайы келіп үйретті. Алғашында тәстік режимде жұмыс істеп, оның мүмкіндіктерін қарастырдық. Бастапқыда күніне 4-5 науқас қабылдадық. Бүгінде пациенттердің саны 18-20-ға жетіп отыр.

Біздің ауруханамыздың техникалық базасы облысымыздың басқа аудандарындағы емдеу мекемелеріне қарағанда көп ілгері. Лапароскопиялық, травматологиялық оталар біраз ауданда жасалмайды. Біз өз зертханамызды германиялық компанияның құрал-жабдықтарымен толықтай қамтамасыз еттік. 2024 жылы ауруханамызға ангиографиялық құрылғы мен магниторезонансты томограф орнатылмақ. Заманауи құрылғылардың арқасында облыстағы кардиологиялық орталық пен инсульттық орталық сияқты жіті коронарлық қан айналымы жетіспеушілігі салдарынан дамиды жүрек бұлшық етінің ишемиялық некрозы – миокард инфарктісін дер кезінде тоқтату үшін жасалатын оталарды тәжірибеге енгіземіз.

“Ауылдық медицинаның модернизациясы” бағдарламасы аясында 2024 жылы Қарағаш ауылындағы фельдшерлік-акушерлік пунктті жаңарту жоспарланып отыр. Медпункт жоқ шағын ауылдарда бос тұрған үй-жайларды күрделі жөндеуден өткізіп, сонда науқастарды қабылдайтын боламыз. Бұл – алға қойып отырған басты мақсаттардың бірі.

Үстіміздегі жылдың қаңтар айынан бастап емханамыздағы 24 учаскені жаңарттық. Дәрігерлер бұрын емханада отырып, науқастарды қабылдайтын болса, қазір аптасына бір рет ауылдарға барып, қабылдау жүргізе бастады. Олар алдымен медпункттерде, кейін мүмкіндігі шектеулі жандардың үйлеріне барып қызмет көрсетеді. “Амбулаторлық деңгейде дәрілік қамтамасыз ету” бағдарламасын жүзеге асыру үшін біраз жұмыс атқарылуда. Бұл ретте біз ең алдымен жағдайы қиын науқастарға баса көңіл бөлеміз. Олардың ауданнан немесе облыс орталығынан алдыртқан дәрі-дәрмектері тегін жеткізіледі.

Мен бұл салада жиырма жылдан астам уақыт бойы еңбек етіп келемін. Президентіміз айттып өткендей, “Денсаулық сақтау саласында біраз реформа жүргізілді. Дегенмен оның жағдайы әлі де мәз емес. Әрине, жылдар бойы қордаланған түйткілдер бір мезетте шешілмейді. Сондықтан аса маңызды мәселелерді ретке келтіруге баса мән берген жөн. Соның бірі – қаржыландыру жүйесі. Осы салаға қаржының жеткілікті бөлінбеуі қалыпты жағдайға айналған. Соның кесірінен, жұрт сақтандыру жүйесіне қосылса да, медициналық қызмет толық көлемде көрсетілмей отыр”. Бұл мәселе тайыншалықтарды да алаңдатууда. Өз басым сақтандыру жүйесіндегі кемшіліктер халықтың сын-пікірін ескере отырып түзетіледі деп ойлаймын.

Мақсат ҚҰДРАТУЛЛАЕВ,
Тайынша көпбейінді ауданаралық ауруханасының директоры, облыстық мәслихаттың депутаты.

Мемлекеттік қызметті жаңғырту

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ел дамуының жаңа кезеңіндегі басым бағыттардың бірі ретінде мемлекеттік қызметті түбегейлі жаңғыртуға бастамашы болды. Жаңғыртудың негізгі міндеті - адал және ашық жұмыс істейтін тиімді сервистік мемлекеттік аппаратты қалыптастыру болып табылады.

Бүгінгі таңда мемлекеттік аппарат жұмысын жетілдіру процесі бірқатар кезеңдерді қамтиды: бюрократиядан арылту, мемлекеттік қызметке кіру кезінде артық кедергілерді алып тастау, мемлекеттік қызметке жеке сектордан дарынды басқарушылар мен кәсіпқойларды тарту, стратегиялық адами ресурстарды дамыту. Осы мақсатта мемлекеттік қызмет туралы заңнамаға өзгерістер енгізілді.

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау үшін өткен жылдың желтоқсанында мемлекеттік қызметке кіру кезінде артық кедергілерді жою және мемлекеттік қызметтен босату тәртібін оңайлату бойынша қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізілді.

Қазіргі уақытта мемлекеттік білім беру гранты бойынша жоғары оқу орындарын жақсы оқу нәтижелерімен бітірген түлектер ЖОО-ны бітіргеннен кейін бір жыл ішінде конкурстық іріктеусіз тікелей аудандағы және ауылдық жерлердегі төменгі лауазымдарға тағайындалатын болады. Бұл білікті жастарды мемлекеттік қызметке кіруге ынталандыру, жас мамандардың аудандар мен ауылдық округтерге оралуына, сондай-ақ өңірлердегі кадр тапшылығының төмендеуіне ықпал етеді, мемлекеттік қызметке кіруді жеңілдетеді.

Бұдан басқа, мемлекеттік басқару академиясының түлектері оқу аяқталғаннан кейін бір жыл ішінде «жақсы» бағасынан төмен емес нәтижелермен Агенттіктің келісімімен тікелей конкурстық іріктеусіз «Б» корпусының басшы лауазымдарына орналаса алады.

Заңнамаға енгізілген басқа толықтыруларға сәйкес жұмысы екі тоқсан ішінде тиімсіз деп танылған мемлекеттік қызметшілердің лауазымдары төмендейді, ал бос лауазым болмаған жағдайда, осы мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік қызметтен кетеді. Бұл мемлекеттік қызметтен босату процедурасын жеңілдетеді.

Мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамадағы өзгерістерге сәйкес келісімшарттық қызметшілер ұғымы енгізілді. Келісімшарттық қызметшілер мемлекеттік қызметшілер санатына жатпайды. Олар салалық жобаларды іске асыру үшін тартылатын болады. Келісімшарт мерзімі - бір жылдан аспайды. Келісімшарттық қызметшілерге қатысты нақты ережелер мен талаптар Үкіметтің тиісті қаулысымен белгіленеді.

Заңнамадағы жаңалықтардың бірі басқа аймаққа ауысатын мемлекеттік қызметшілерге ротациялық төлем ұғымы болды. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзге өңірге ротацияланатын қызметшіге уақытша тұрғын үй берілуге тиіс. Алайда, қызметтік пәтерлердің жетіспеушілігіне байланысты ротацияланған қызметкерлер тұрғын үйді өз қаражатына жалға алуға мәжбүр. Бұл көптеген қызметкерлердің ротациядан бас тартуына әкеледі, ротациялық төлемді енгізу осы олқылықтардың орнын толтыруға бағытталған.

Заңнамадағы басқа өзгерістерге сәйкес мемлекеттік қызметте қашықтықтан жұмыс істеу қағидаларын айқындау және икемді жұмыс кестесін реттеу жөніндегі өкілеттіктер агенттікке берілді. Мемлекеттік аппараттың барлық жерде цифрландырылуы мен ерекшелігін ескере отырып, енді қашықтықтан жұмыс істеу тәртібі және мемлекеттік қызметтегі жұмыстың икемді кестесі Агенттіктің тиісті бұйрығымен айқындалатын болады.

Мемлекеттік басқару академиясына оқуға түскен мемлекеттік органның қызметкерлері оқудан кейін міндетті түрде осы органда пысықтаудан өтуі тиіс деген талап алынып тасталды. Бірақ Академия түлегінің мемлекеттік қызметте үш жыл жұмыс істеуі туралы талап сақталады.

Бұдан басқа, заңнамаға мемлекеттік органдарда жұмыс кестесінің сақталуын бақылауды жүзеге асыруға қатысты түзетулер енгізіледі. Бұл түзету 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңда агенттіктің құзыреті ретінде мемлекеттік органдарда жұмыс кестесінің сақталуын бақылау функциясы бекітілген, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 89-бабы толықтырылған, оған сәйкес мемлекеттік қызметшілердің жұмыс уақытының нормасын заңсыз асырғаны үшін лауазымды адамдарға әкімшілік жаза қолдану қаупі төнеді.

Бұл мемлекеттік қызметті жетілдіру жөніндегі заңнамаға енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың қысқаша реттілігі.

Мемлекет басшысы қойған міндеттерді іске асыру, сондай-ақ қазақстандықтар тарапынан сенімді арттыру мақсатында Агенттік мемлекеттік қызметтің неғұрлым тиімді моделіне көшу жөніндегі кешенді жұмысты жалғастыратын болады.


Асқар Баймұқанов - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары, Әдеп жөніндегі кеңес хатшылығының меңгерушісі.

«Еңбек адамы» жобасы:

ЕҢБЕК ДЕСЕ ЕРІНБЕЙТІН ЕРЕКШЕ ОТБАСЫ


Өздері жас болса да алға қойған арман – мақсаттары өте көп. Келешек өмірлеріне деген сенімдері де шексіз. Адамдар кейде ұсынылған жұмыстан бас тартып, «несие алып, жеке кәсіп ашамын» деп айтады. «Мал алайын деп едім, несие алайын деп едім» деген ой-пікір, әңгімелерді бұрын да естігенбіз. Менің бүгінгі мақаламның негізгі кейіпкері, отбасының негізгі асыраушысы Мағметов Батирбек Сұлтанқұлұлы қайтарымызсыз гранттар берілсе, жеке кәсібін ашқым келеді, сол өзіме жақын мал алып, мал шаруашылығымен айналысам деп ойлаймын, - деген ойын осыдан 2 жыл бұрын айтқан еді. Ол көшіп келгеннен бері жергілікті шаруа қожалықтарының бірінде мал шаруашылығында еңбек етті. Жас бұзауларды бордақылаумен айналысты.

Ал, бүгінгі таңда жағдай мүлдем басқаша. Соңғы жылдары «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы аясында жаңа бизнес идеяларды жүзеге асыру үшін қайтарымызсыз негізде несие берілсе, гранттар болса, жер алып тіршіліктерін жақсартпақшы болып жүрген отбасы мүшелері бір шешімге келіп, өздері 2 млн. несие алып, мал сатып алады. Малдары қыстан аман-есен шығып мал басы көбейіп жатыр. Бүгінгі таңда 22 сиыр, 53 тайынша, 22 бұзау бар. Жас бұзауларды бірден сатуға қойыпты сөйтіп кәсіптерін жандандыра түскен жағдайлары бар. Жалпы көшіп келгендеріне өкінбейді. Отбасында 4 бала бар. Отбасының үлкені Саңдалымхан әзірге атасының қолында тәрбиеленуде, ал қыздары Мұхлиса, ұлдары Элербек пен солтүстікте дүниеге келген кішкентай Элдарбек бұл жаққа әбден үйреніп алған. Басында қиын болса да, қазір жергілікті мектепте орыс сыныбында білім алуда. Отанасы Темиршикова Сарвиноз – үйдің берекесі, отбасының ұйытқысы. Уақытпен санаспай бәрін үлгеруге тырысатын жүзі жылы, жаны жайсаң ақ көңілімен күндей күлімдеп жүретін, жаздай жайдары жан. Үйдің тірлігі, бала тәрбиесімен қатар, күнделікті жұмысы да бар. Түркістан облысы, Шымкент қаласы, «Сайрам колледжінің» «Емдеу ісі» мамандығы бойынша білімі бар Сарвиноз - Новогречановка орта мектебінде медбике болып еңбек



атқарады. Алға қойған жоспарлары өте көп. Ең бастысы «Болашақта мал шаруашылығын дамытсақ», деген мақсаттарына аз да болса жетіп отыр. Алдағы уақыттарда әлі де мал басын көбейтіп, жалпы жағдайларын түзеп алу мақсатында, мүмкіндік болса қайтарымызсыз үкіметтен несие алуды көздеп отыр. Бәрін уақыт көрсетеді, әрине. - «Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын. Халқымыз бай-қуатты болып, тәуелсіздігіміз мәңгі жасай берсін, осы елге келгеніме ешбір өкінбеймін, қиындықтарға қиналмай сабыр қыламын, отбасым, туғандарым аман болса екен деймін», - дейді Сарвиноз Бахадырқызы. Бұл кейіпкеріміздің өмір жолында қаншама қиындықтар кездесіп жатса да ешбір мойымай, сабырлық сақтап, сәл ғана жымылып тұрған жүзіне қарап, неткен сабырлық, шыдамдылық деп таң қаласың. Тәуелсіздік тұғырының нығаюына, ел экономикасының, кәсіпкерліктің дамуына оңтүстіктен көшіп келген бауырларымыздың қосып отырған үлесі қомақты. «Елге ел қосылса – құт» демекші, бауырларымыздың осында орнығып, тамыр жаюына қолдау көрсету бәріміздің парызымыз. Бүгінде олар ауылдағы үлгілі отбасы. Оңтүстікте ұлтарай жер таппай қиналған жандар бұл жақта ұлан-ғайыр жерге иелік етіп отыр.

- Батыр Баянның табаны тиген топырақты осыған дейін жерсінбегеніміз дұрыс болмапты. Әу баста бала-



шағамен солтүстіктің қысынан қорыққан едік. Сөйтсек, суық деп қорқып жүргеніміз саф таза ауа екен ғой. Біреулер көшейін десе бала-шағасы үшін алаңдайтын көрінеді. Біз, керісінше, солардың болашағы үшін көшіп келдік. Нағыз қазақтар оңтүстікте ғана дегенді естуші едік, жоқ бұл ойдан мүлдем арылды.... Мұнда таудай биік кісілер арқаңнан қағып, «бауырым, амансың ба....» деп қаусыра құшақтағанда қазақ даласының қай бұрышы да өзіңнің туған елің екенін сезінеді екенсің, - дейді бүгінгі кейіпкерлер.

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, «Тайынша таңы»

ЖОЛ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ АУДАН ӘКІМІНІҢ БАҚЫЛАУЫНДА

Аудан әкімі Б.А. Әлжанов ауданға қарасты ауылдық елді-мекендерді аралап, әсіресе жол жөндеу жұмыстарына ерекше көңіл бөлуде. Биыл «Ауыл-ел бесігі» бағдарламасы шеңберінде Донецк, Киров және Теңдік орта мектептерін күрделі жөндеу жұмыстарына және Чермошнян, Теңдік ауылдарындағы көшелерді орташа жөндеуге қаражат бөлініп, тиісті жұмыстар жоспарланған. Аудан басшысының пайымдауына, мемлекеттік сатып алу нәтижесінде мердігер компаниялар анықталып, келісімшарттар жасалған десек, сол жұмыстардың бәрі аудан әкімінің қатаң бақылауында.



Аудан жетекшісі Б.А.Әлжанов Тайынша-Кантемир-Котовское аудандық тас жолында жүргізіліп жатқан орташа жөндеу жұмыстарының барысымен танысты. Мердігер компания «Көкшетау жолдары» ЖШС-і жұмысты қарқынды жүргізіп, мамыр айының соңына дейін аяқтауды жоспарлаған. Ендігі мәселе жөндеу жұмыстарын сапалы және уақытылы орындау.

Сонымен қатар, аудандық және облыстық мәслихат депутаттары да жол жөндеу және аудан көлеміндегі құрылыс жұмыстарын өз бақылауларына алған. Аудан орталығы мен Вишневка ауылындағы білім ошақтарының жұмыстары әзірге көңіл көншітпейді, деген мәліметтер бар. Ал, Теңдік орта мектебінің жөндеу жұмыстары қарқынды басталып кетті.

Мәслихат депутаты Л.Н.Журавлеваның айтуы бойынша Теңдік ауылының ішіндегі жол жөндеу жұмыстарын «Тайынша Кадуцей» ЖШС-і 97млн.т. қаражатпен тамыз айына дейін аяқталады деп күтілуде десе, ал Теңдік орта мектебіндегі жөндеу жұмыстарының бастамасы да жаман емес. «ДеловойАльянс» астаналық фирмасының 87млн.500тг. қаражат жұмсалатын жөндеу жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Жаңа оқу жылында жөндеу жұмыстары ойдағыдай аяқталып, мектеп оқушылары мен ұстаздары ерекше қуанышқа кенелуді деп сенеміз!

Автомобиль жолдары — Қазақстанның көлік-коммуникациялық кешенінің маңызды элементтерінің бірі. Осы ретте аудандық маңызы бар КТТА-317 «Ясная Поляна-Тихоокеан-Шұңқыркөл-Көкшетау-Омбы» автожолында орташа жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқанын айта кеткен жөн. Мердігер - «Көкшетау Жолдары» ЖШС. Қазіргі уақытта жол төсеми фрезерленіп, қиыршық таспен толтырылды. Сондай-ақ жолдарды тегістеу жұмыстары жүріп жатыр. Жалпы ұзындығы 9 шақырымда жұмыс аяқталды.

Сонымен қатар 2023 жылы жалпы сомасы 480 млн теңгеге Краснокаменка, Петровка, Чермошнянка және Теңдік ауылдарындағы, сондай-ақ Абай ауылдық округінің Қарағаш ауылындағы елді мекен ішіндегі жолдарында орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарда бар.

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, «Тайынша таңы»

Меншік иесі: «Тайынша таңы»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып,
мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу
жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -
Бас редактор
Гүл НҰРАЛИНА



Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп,
№10803-Г куәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.»
ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы,
Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 159. Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Солтүстік Қазақстан облысы,
Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй.
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:
8 (715-36) 2-19-99

Жарияланған мақала авторларының пікірлері
редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба
қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап
жолданбайды. Жарнаманың, келіп түскен
материалдардың мазмұны мен мәтініне
хабарлама беруші автор өзі жауапты.